www.jasqazaq.kz vk.com.jasqazaq Jasqazaq Жас қазақ

# JAS QAZAQ

ISSN 2074-899X

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет 2005 жылдың 7 қаңтарынан шыға бастады

№45 (877)

12 қараша 2021 жыл

ТҮЙТКІЛ

# ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ЖАРЫЛЫС

Қарағанды облысындағы Абай шахтасында тағы жарылыс болды. Жексенбінің таңында болған апаттан алты адамды жер жұтты. Ауыр жарақат алған екі кенші ауруханаға түскен. Олар метан газына тұншығыпты. Қазір алты кеншіні ажал құштырған шахтада көмір қазу жұмысы тоқтап, арнайы комиссия апат себептерін анықтап жатыр. Сондай-ақ Қарағанды облысының барлық шахталарында жоспардан тыс тексеру басталып кетті.

Апат кезінде жер астында 64 кенші жұмыс істеп жатқан. Көпшілігі жер бетіне қашып үлгеріпті. 8 жұмысшы жарылыс ошағында қалған. Улы газдан қорғайтын құрылғыларын киіп үлгермеген алты кенші опат болды. Ең жасы 31-де. Бәрінің артында аңырап бала-шағасы, туыстары қалды. «Арселор Миттал Теміртау» компаниясының басшылығы марқұмдардың барлығына ұжымдық келісімшарт аясында көмек көрсететінін жеткізді. Әр кеншінің 10 жылдық жалақысы отбасы мүшелеріне беріледі.

«Арселор Миттал ТМД» АҚ бас директоры Виджай Гойяль: «Біздің ұжым алты адамнан айырылып қалды. Қатты қайғырып отырмыз. Ұжымдық келісімшарттың сыртында біз олардың несиесін өтеуді мойынымызға алдық. Баспанасы болмаса, оны да қарастырамыз. Жерлеу рәсіміне де толық атсалысамыз. Қаражат мәселесін көтеруге әзірміз», – деді.

Алайда адамның құны ақшамен өлшенбейді. Қанша көмектессе де, жер астында қалған кеншілердің жақындары мен туыстарын жұбата алмайсың.

*(Жалғасы 3-бетте)*

АПТАНЫҢ АҚПАРЫ

ПЕДАГОГ ДАЯРЛАЙТЫН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ САНЫ **86**-ДАН **50**-ГЕ ДЕЙІН АЗАЙДЫ. БИЫЛҒЫ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ КӨРСЕТКІШ БОЙЫНША ЕЛІМІЗДЕ **3000**-НАН АСТАМ МҰҒАЛІМ ЖЕТІСПЕЙДІ.

*Білім және ғылым министрлігі*



КИБЕРҚАРАҚШЫЛЫҚ

**200 МЛН**

*Украинадағы аса ірі web- сайт төрт елдегі азаматтың жеке басына қатысты мәліметтерді заңсыз таратқан. Бұлардың арасында* ***ҚАЗАҚСТАН*** *тұрғындарының аты-жөні, тіркелген мекені, телефон нөмірі туралы деректер де бар.*

*Дереккөзі: 365info.kz*

БИРЖАМЕТР

| | |
|---|---|
| МҰНАЙ (brent) | 82,80 |
| DOLLAR | 429,3 |
| EURO | 493 |
| РУБЛЬ | 6,02 |

БІЗДІҢ СҰХБАТ

***Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысына барған сапарында ауыл шаруашылығы саласын өрістету мақсатында мемлекет қазынасынан бөлінетін субсидияның айналасындағы жемқорлықты сынға алып, айыпты шенділердің қатаң жазалануын тиісті органға тапсырған-ды. Расында да, қиыр жайлап, шет қонған шалғайдағы шаруалардың қолы жете бермейтін субсидияның қаржысын сан салалы жолмен жымқырғандар тиісті жазасын алуы тиіс. Төрт түлікті өсіруге ұмтылған өрістегі ағайын да субсидия үшін алаңдамайтын болса.***

***Ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі Төлеутай Рахымбековпен сұхбатымызда осындай мәселелерді оңтайлы шешудің жолдары айтылды.***

**Төлеутай РАХЫМБЕКОВ,** *ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі:*

## САНЫ КӨП СУБСИДИЯНЫ ҚЫСҚАРТПАЙ, ІС ОҢҒА БАСПАЙДЫ

**Jas qazaq:** «Малдың жайын баққан білер» деп қазақ тегін айтпаған. Субсидияға қолы жетпей шырылдап жүрген шаруалар қай өңірде де бар. Ауыл шаруашылығын дамытуға, азық-түлік нарығын тұрақтандыруға, өнім қорын еселеуге өзіндік үлесін қосуды мақсат еткен малшы қауымға деп бөлінетін субсидияның да салмағы басым. Сол жақсылықты, қолдаудың шарапаты неліктен тиісті адамына, межелі жеріне жетпей жемқорлардың жемсауына кетеді?

**Төлеутай Рахымбеков:** Жақында «Атамекен» ұлттық кәсіпкер палатасында отбасылық шаруашылық туралы заң жобасын талқыға салып, таразыладық. Президент Қ.Тоқаев биылғы жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында осы отбасылық шаруашылық туралы заң жобасын қысқа мерзім ішінде әзірлеп, жылдың соңына дейін Парламент талқылауына ұсынуды тапсырған болатын. Сол бағыттағы әзірленген заң жобасын талқылап, кем тұсын толықтырып, жетпегенін бүтіндеуге күш салып жатырмыз.

**Jas qazaq:** Отбасылық шаруашылық саясаты дегенді тарқатып айтып берсеңіз.

**Төлеутай Рахымбеков:** Отбасылық шаруашылық туралы айтпас бұрын, жаңағы талқылаудағы шетін мәселелерге тоқталайын. Кәсіпкер палатасы жанынан құрылған түрлі қауымдастық, қоғамдық ұйымдардың да мамандары қатысты. Қолдаушылар, заң жобасын қуаттағандар да, арасында заңмен таныспаған, оқып-білмегендер, қарсылық танытып, өз аргументтерін де ұсынды. Олардың ойынша, заң жобасы қабылданса, жекеменшікке тиесілі мал басын көбейтуге шектеу қойылады-мыс, салық салынады екен. Мұның бірі де болмайды. Ауылдық жердегі тұрғындардың мал басын көбейтуге, өсіруге ешқандай шектеу қойылмайды. Ал енді отбасылық шаруашылықты тарқатайық. Ауылдағы ағайынның ауласы, өзіне тиесілі территорияға салынған үйі, қора-жайы, азын-аулақ малы болады. Міне, осыны отбасылық шаруашылық дейміз. Осы саланы дамытып, замана ыңғайына қарай бейімдеу бағытындағы атқарылуы тиіс жұмыс айтылды. Шектеу туралы басқаша айтылған. Ең алдымен, ауылдық жердегі, елді мекенде мал өсіретін адамдарға төрт түлігін өсірудің шекті мөлшері болуы керек. Қарапайым қағидаға салсақ, сіздің көршіңізде 500 бас қой бар, ал сізде он бес бас делік. Екеуіңіздің қора-жайыңыз жапсарлас қоңсы қонған. Бұл санитарлық-гигиеналық нормаға сай ма? Бес жүз бас қойдың астынан шығатын қи көп пе, жоқ, он бес қойдың құмалағы көп пе. Одан сырт иіс-қоңыс тағы бар. Қазақстанның кез келген азаматына мал өсіруге шектеу жоқ, тіпті Ата заңмен де қорғайды. Ал енді ауылдың ішінде елу бас сиыр, алпыс жылқы, 500 қой өсіру өзге ауылдастарыңызға қандай қиындық тудыратынын ойлануымыз керек. Малыңды көбейткің келе ме, ешқандай мәселе жоқ. Шаруа қожалығын, кооператив құрып, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерден үлес алып, сыртта дамытыңыз, ауылдың ішінде емес. Міне, шектеу осы мақсатта қойылады. Оны басқаша түсініп, қабылдағандар дақпыртын асырып, дабырайтып аттандап жүр. Отбасылық шаруашылық туралы заң жобасындағы сүйекті мәселенің бірі – осы ауылдық жердегі санитарлық-гигиеналық ахуалды жақсарту болды. Екінші шаруа – ауылдағы жайылымдық жерлердің эрозияға ұшырап, азып-тозып кетуі, күтім көрмеуі. Ата-бабамыз неліктен көшпенді халық болды? Осы жердің жайын жақсы білгендіктен, қасиетті топырақты тоздырып алмас үшін, қыстаудан көктеуге, одан жайлауға, қоңыр күзде жондана семірген малын күздеуге қарай түсіріп, қыста қайтадан қыстауына көшуді тұрмысының алтын тамырына айналдырған. Мұның барлығы да жерді тоздырып, топырақтың құнарын кетірмес үшін жасалатын алғышарттар. Көктеуден көшпей, жаздай мекендеп отыра берсе, күздік жайылымы жұтап, малдың еті ояз болып, қыстан шыға алмас еді. Өріс жаңартып, жыл мезгіліне орай көшу арқылы жерді сақтап, күтімдеудің керемет үлгісін көрсете білген. Қазір қалай, ауылдық жерлерде жоғарыда айтқандай, бір үйде 300-ден 500 басқа дейін қой, 50-60 сиыр, екі үйірден жылқы бар. Көпшілігінде үш-төрт сиыр, бір міниі ат, құлынды бие, жиырма шақты қой-ешкісі ғана. Мал көбейген сайын жердің тозу процесі артады. Қойдың тұяғы ұстарадан өткір, бір шуап өткен жерінің шөбін тұрағандай қиып түсіреді.

*(Жалғасы 6-бетте)*

7 KÚN 168 SAǴAT
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz

МІНБЕР

# АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ЖАҚСАРТУ КЕРЕК

**Бүгінде шын мәлімет, шынайы ақпарат табу оңай емес. Ақпарат көзіне қарап-ақ көп нәрсені аңғаруға болады. Сондықтан «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның талаптарын орындаудың өзектілігі, маңызы күннен күнге артып келеді.**

2015 жылы Қазақстанда реформаларды: ең алдымен мемлекеттің транспаренттілігі мен есептілігін арттыруға бағытталған институционалдық реформаны ілгерілету мен іске асыру мақсатында әзірленген «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңның 16-бабында интернет-ресурстарда орналастыруға тиіс ақпараттың тізбесі көзделген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

Ақпарат иеленушінің интернет-ресурсындағы жаңалықтар легін жаңарту күн сайын, ал өзге бөлімдерде – ақпарат алынған немесе жасалған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылуы тиіс. Алайда жекелеген мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының мониторингі көрсеткендей, көрсетілген бөлімдердің көпшілігі ақпаратпен толықтырылмайды (*бос тұр*) не ақпарат декларативті сипатта немесе ескі болады. Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында:

«Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы» бөлімінде тиісті ақпарат жоқ, соңғы рет 2020 жылғы қарашада жаңартылған. Оның орнына сыбайлас жемқорлық деңгейін қысқарту бойынша жоба орналастырылған. Ал Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Екібастұз қаласында өткен кеңесте азық-түлік тауарларының бағасы 10,4 пайызға қымбаттағанын, көкөніс бағасының да шарықтап тұрғанын қатты сынға алды.

Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында стратегиялық жоспар және оны іске асыру туралы есеп, мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін бағалау қорытындылары жоқ. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында «Статистикалық салалық деректер» бөлімінде тиісті ақпарат жоқ. Оның орнына әзірленген нормативтік-құқықтық актілер жобалары орналастырылған.

Тағы бір жиі кездесетін мысал. Белгілі бір қаланың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының немесе ауруханаының сайтында №375 қаулы бойынша хабарландыру беріледі. Онда сатып алу (*басталу күні*) жарияланады. Қызметкерлер хабарландыруды ең басынан жасыруға тырысады. Хабарландыру ілулі және көрінбейтін режимде тұрады. Өтінімдерді беру күні аяқталғанда хабарландыру іске қосылады (*қолжетімділік ашылады*). Заңның жоғарыда аталған 16-бабында квазимемлекеттік сектор субъектілері өздерінің интернет-ресурстарында орналастыруы тиіс ақпарат тізбесі де көзделген. Соған қарамастан, олардың интернет-ресурсының бөлімдеріндегі ақпараттың көпшілігі жаңартылмайды немесе мүлде толықтырылмайды. «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ интернет-ресурсында бос лауазымдар бойынша ақпарат (*жарияланған бос лауазымдар, бос лауазымдарға орналасу үшін кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптары, бос лауазымдар туралы ақпарат алу үшін телефон нөмірлері*); республикалық және жергілікті бюджеттерден бөлінген қаражаттың жұмсалуы жайында ақпарат жазылмаған.

Деректердің толықтырылмауы «Электрондық үкімет» веб-порталында да байқалады. Ашық үкімет компоненттерін пайдаланушылар қалдырған пікірлер жауапсыз қалады немесе оларға сырғытпа жауап беріледі. «Ашық деректер» порталын толықтыру ұдайы кешіктіріледі.

Біздің ойымызша, қажетті, объективті және шынайы ақпараттың болмауы шындықтың бұрмалануына әкеп соқтырады. Сондықтан жұртшылық үшін, оның ішінде БАҚ қызметкерлері үшін объективті ақпаратқа қол жеткізу жеңіл, тез және тиімді болатын жағдайлар жасау маңызды. Бұл кез келген өркениетті қоғам үшін және біздің еліміз үшін өзекті болып табылады.

Оның үстіне, Мемлекет басшысы мемлекеттік органдардың цифрлық трансформациясын бюрократиямен, сыбайлас жемқорлықпен және тиімсіздікпен күрес құралы ретінде қарау керектігін ескертіп, үкіметке «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, көрсетілетін барлық мемлекеттік қызметтерге тексеру жүргізуді және оларды цифрлық оңтайландыруды қамтамасыз етуді тапсырған болатын.

Ақпаратқа қолжетімділік жағдайын жақсарту мақсатында, мынадай ұсыныстарды қарауды сұраймыз:

1) жоғарыда келтірілген мысалдар бойынша талдау жасалынып, алдағы уақытта заңсыздықтарға жол бермеу механизмі қарастырылсын;

2) аталған Заңның 6-2-бабына сәйкес ақпаратқа қол жеткізу саласындағы уәкілетті орган министрліктер мен басқа квазимемлекеттік субъектілердің қызметіне мониторинг және ведомствоаралық үйлестіру бойынша жұмысын БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ұдайы жариялап отырсын.

3) интернет-ресурстарда және «электрондық үкімет» веб-порталында деректерді жаңарту үшін мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының барынша ашықтығын қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдардың ақпаратқа қол жеткізу саласындағы қызметін қоғамдық кеңестер бақылауға алсын.

**Дархан МЫҢБАЙ,**
*Мәжіліс депутаты*

АНТИ ЕЗА

**Серік ЕРУБАЕВ,**
*Мәжіліс депутаты:*

«Бұған дейін 50-60 теңге тұратын газ, соңғы кезде 120-150 теңгеге дейін ұлғайды. Қойнауы мұнай мен газға толы Атыраудың өзінде газдың бағасы бір түнде 95 теңгеден 110 теңгеге дейін өсті. Ел аузында «мұның бәрін газ қожайындары қолдан жасап отыр» деген сөз. Қазан айында газ тапшылығы мен бағасының өсуіне куә болдық. Бұл мәселе бойынша 6 қазанда энергетика министрінің атына бензин және сұйытылған газ тапшылығын шешу мен мұнай өңдеуге жан-жақты қолдау көрсетуді және сыбайластықтың бар-жоғына тексеру жүргізуді ұсынып, депутаттық сауал жолдаған болатынбыз. Бір айдан аса уақыт өтсе де, бұл сауалға әлі күнге дейін жауап алған жоқпыз».

**Мұрат ЖҮРЕБЕКОВ,**
*энергетика вице-министрі:*

«2021 жылы ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын тұтыну шамамен 1,6 миллион тонна деңгейінде болжанды. Сұраныстың артуына қарамастан, өндіру көлемі бұрынғы деңгейде қалды. Биыл қараша айындағы орташа өлшенген көтерме баға тоннасына 151 мың теңге деңгейінде қалыптасты. Республика бойынша орташа бөлшек сауда баға – 99 теңге. Жыл соңына дейін газ бағасы осы межеде сақталады».

Кесте

## ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫ

(*2021 жыл, қаңтар-қазан*)
пайызбен, өсу +, кему -

| Облыс | Тұрғын үйді сатып алу-сату (қазан) | Оның ішінде | | 2021 жылғы қазан | | 2021 жылғы қаңтар-қазан / 2020 жылғы қаңтар-қазанға |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жеке үйлер | пәтер | 2021 жылғы қыркүйекке | 2020 жылғы қазанға | |
| Ел аумағында | 44 464 | 12 012 | 32 452 | -11,7 | 35,1 | 89,1 |
| *Ақмола* | 1 666 | 699 | 967 | -10,7 | 27,5 | 58,6 |
| *Ақтөбе* | 2 671 | 559 | 2 112 | 0,5 | 59,5 | 2 есе |
| *Алматы* | 2 820 | 1 672 | 1 148 | -17,6 | 31,3 | 63,7 |
| *Атырау* | 1 821 | 785 | 1 036 | -16,2 | 2,4 есе | 4 есе |
| *Батыс Қазақстан* | 1 499 | 506 | 993 | -10,7 | 15,3 | 61,2 |
| *Жамбыл* | 1 453 | 720 | 733 | -11,3 | 21,3 | 46,0 |
| *Қарағанды* | 5 121 | 923 | 4 198 | -13,1 | 46,4 | 2,1 есе |
| *Қостанай* | 2 086 | 505 | 1 581 | -5,2 | 27,5 | 48,1 |
| *Қызылорда* | 1 112 | 600 | 512 | -17,3 | 65,0 | 2,1 есе |
| *Маңғыстау* | 2 954 | 834 | 2 120 | -17,3 | 93,3 | 4,5 есе |
| *Павлодар* | 1 577 | 318 | 1 259 | -12,3 | 23,7 | 46,0 |
| *Солтүстік Қазақстан* | 862 | 431 | 431 | -3,6 | 6,9 | 14,1 |
| *Түркістан* | 1 478 | 986 | 492 | -10,0 | 52,2 | 93,2 |
| *Шығыс Қазақстан* | 2 627 | 1 000 | 1 627 | -18,2 | 14,2 | 50,5 |
| *Нұр-Сұлтан қаласы* | 6 441 | 153 | 6 288 | -7,5 | 49,1 | 95,1 |
| *Алматы қаласы* | 6 537 | 735 | 5 802 | -12,1 | 11,4 | 63,3 |
| *Шымкент қаласы* | 1 739 | 586 | 1 153 | -11,8 | 5,7 | 46,5 |

*Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы*

Әлеумет.t⁰

# ВИРУС НЕ ЖҰҒАДЫ, НЕ ЖҰҚПАЙДЫ

Кейде неше түрлі ой келеді. Мәселен, тәжтажалдың таралуына жол бермейтін шаралар туралы. Дүкеннің кіреберісіне тұрғызып қойып, әркімнің маңдайына тигізген құралмен ыстығыңды өлшемейтін болды. Одан құтылдық. Есесіне, қазір «қызыл, жасыл, көк» деп бөліп тастады. «Қызылдар» қауіпті, сондықтан үйінде отыруы керек. «Қызылға» жақындап кеткендер «сарғайып», олар да ешқайда шыға алмайды. «Жасыл» мен «көктер» андамында шауып жүре береді. Енді «көктерге» де тықыр таянған сияқты. Келесі аптадан бастап Нұр-Сұлтанда «Ashyq» жүйесінде «көк» мәртебені иеленгендер ойын-сауық орталығына бас сұға алмайды. Бұған дейін жұмыс күндері емін-еркін кіре беретін. Естуімізше, бұл «пилоттық жоба», яғни вирустың таралуын азайтуға әсер етсе, басқа қалаларда енгізбек. Сондағы уәж: ойын-сауық орталығында вирус жұқтыру қаупі бәрінен де зор екен. Басқа жерден ол пәлекет айналып қашатын сияқты. Өйткені сауда үйі, сауда орталығы және базар-пазарға ондай тыйым жоқ. Санитарлық ахуалға жауапты азаматтар мен азаматшалар вируспен меморандумға отырған жоқ па осы? «Жарайды, Тәжеке, ойын-сауық орталығында ұшып жүре бер, бірақ құдай үшін, супермаркет, базар дегенге жоламашы» деп тізімін ұстатып...

Әйтпесе, кез келген қоғамдық көлікке кіріп көріңіз. Бұрынғыдай жұмысқа баратын және жұмыстан қайтатын уақытта ғана лық толы дейтін емес, тапа-тал түсте мінсең де сол. Қайдағы бір вирусты ойлайтын шама қайда! Қайтсең де үйге жету керек. Содан жау қамалын шабуылдаған әскердей лап қоясың. Тәжекең тайраңдап, ойнақ салатын-ақ орта. Бірақ біздің қаулы шығарғыштар қоғамдық көлікті айтса, құлағы естімей қалады. «Бетпердені шешпеңдер» деп міңгірлегені болмаса. Естімегені де дұрыс шығар. Ертеңгі күні автобусқа «Ashyq»-пен кіресіңдер десе, қайтеміз?

Сонымен ойын-сауық орталықтарына «көктер» кіре алмайды (*әзірге Нұр-Сұлтанда*). Алматыға бұл әлі жете қойған жоқ. «Көктер» жұмыс күні кіре береді. Сенбі-жексенбі күндері «жасылдарға» ғана жол ашық. Демалыста вирус еселеніп, ерекше құтырынып кете ме, бұған енді біз сияқты пенделердің миы жетпейді.

Жалпы біздің шенеуніктердің логикасын түсіну қиын. Кез келген ойын-сауық орталығының ішінде супермаркет бар. Оған бәрі кіре алады. Мәртебеңді ешкім тексермейді. Базар атаулының қақпасына «Ashyq»-тың белгісі ілініп тұрғанымен, оған пысқырмай өте шығуға болады. Таяуда «Ashyq»-пен той өткізуге рұқсат берді (*сол талаптың шынымен орындаларына өздері сене ме екен*).

Логиканы былай қойғанда, санитарлық сала мамандарының сөзін де түсіне алмайсың. Күні кеше денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Айжан Есмағамбетоваға журналистер: «Тек «жасыл» мәртебесі бар адамдар сауда, ойын-сауық орталықтарына бара алса, бетпердесіз жүре ала ма?» – деген сауал қойды. Ол былай деп жауап берді: «Бетперде тағу міндетті. Өйткені қазір вакцина алғандардың да ауру жұқтыратыны белгілі болды. Тиісінше, олар да қатер төндіруі мүмкін. Дегенмен, вакцина алғандар оңайлықпен вирус жұқтырмайды және ауруды да жеңіл өткереді».

Түсінбедік, вакцина алғандар вирус жұқтыра ма, жұқтырмай ма? Әлде Есмағамбетова ханым «өтірік» екпе алғандарды есепке алып отыр ма? Шынында да, вакцина төлқұжатын сату туралы әңгіме тынғалы қашан. Ол сауданың жолы кесілген күннің өзінде, сатып алғандар «жасылдардың» арасында жүрген жоқ па? Онда «жасыл, қызыл, көк» деп бөлуден не пайда?

Осы арада А.Есмағамбетованың өткен жылы еліміздің бас санитарлық дәрігері қызметін атқарғанда «бетпердені жабық жерде де, көшеде де тағу керек» деп қаулы шығарғаны есімізге түсіп отырғаны. Сол кезде санитарлық сала мамандары біресе «көшеде тағу керек», «тақпау керек» деп жұртты әбден шатастырған болатын. Сол сияқты «қызыл, көк, жасыл» түстің де дәуірі өтер.

Ал әзірге сақтанып жүрейік. Өйткені вирус не жұғады, не жұқпайды!

**Гүлнар АХМЕТОВА**

Сүйініш

Токио жазғы Олимпиадасынан кейін біздің боксшыларды ерінбеген адамның бәрі сынады. Олимпиада чемпионы атану былай тұрсын, жартылай финалдан аса алмай, қоламен шектелген боксшылардың нәтижесінен кейін құрамада буын алмасу процесі жүрді.

# ҚЫСҚА КҮНДЕГІ РЕФОРМА: НӘТИЖЕ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ

Жалпы біздің мінезіміз қызық. Жазда Токио Олимпиадасында боксшылар алтын медаль алмап еді, ағаш атқа теріс мінгізіп, жеті атасына жеткізе сынадық. Енді, міне, аз уақытта қателікті түзеп, кемшілікті бүтіндеп, үлкен реформа жүргізіп, әлем чемпионатында медальді көсіп алғанымызға қуанбайтындар да табылды.

Белградтағы әлем чемпионатының финалында біздің Сәкен Бибосынов американдық Роско Хилді жеңгенде АҚШ-тың кәсіпқой боксшысы, WBO белбеуінің чемпионы Шакур Стивенсон «алтын медаль ақшаға сатылды» деп сынады. Американдық кәсіпқой боксшының сыңаржақ пікірін сүйіншілеген ақпаратты жазып таратуда біздің кейбір сайттар мен әлеуметтік желідегілер тым белсенділік танытты. Құдды бір қазақ боксшылары әлем чемпионатында қызу сауда жүргізгенінің үстінен түскендей. Қуана білмегенге құт қонбайды дейді. Күллі әлемнің алдында біздің жігіттердің жеңісі айқын, еңбегі адал екені ақиқат. Жеңілсе, тірідей жерлеуге бармыз, ал үмітімізді ақтап, абыройымызды асырып келгенде де лайықты құрмет көрсету парызымыз екенін ұмытпаған ләзім.

Қазақстан бокс федерациясының вице-президенті Бақтияр Артаев құрама мүшелері 80 пайызға жаңаратынын, сақа боксшылардың орнын жастар басатынын айтқан болатын. Одан бұрын өзегін жемқорлық жайлап, қалың сынның астында қалған AIBA-ның (*әуесқой бокстың бүкіләлемдік қауымдастығы*) жаңа президенті Умар Кремлев бастаған команда боксты бұрынғы бекзада өнер дәрежесіне қайта көтеруге күш салып жатқанын паш етті.

Енді, міне, Сербияның бас қаласы Белградта бокстан ерлер арасында әлем чемпионаты мәресіне жетті. Әлем чемпионаттары 10 салмақ дәрежесінде өтіп келсе, осы жолы 13-ке артты. Алтын алғандарға 100 мың, күміс жүлдегерге 50 мың, 25 мың доллар көлемінде сыйақы тағайындады. Белград биігінде әлемнің 105 елінен 650 боксшы сынға түсті. Бұл бокс тарихында ең көп қатысушы жинаған әзірге бірінші әлем чемпионаты саналып отыр. 25 мемлекеттің боксшыларына медаль бұйырды.

Қазақстан ұлттық құрамасы 2 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль жеңіп алды. Бас бапкерлікке жақында ғана тағайындалған Қайрат Сәтжановтың сапары сәтті басталғандай. Алғашқы сынағында жігіттер жігерін жанып, биіктен көріне білді. Қазақ елінің боксшылары 2013 жылдан бері әлем чемпионатында екі алтын медаль алған емес. Жалпыкомандалық есепте 2-сатыға орнықты, алдымызда тек Куба боксшылары ғана.

48 келі салмақ дәрежесінде әлем чемпионы атанған Теміртас Жүсіповтің жасы 33-те. Сербиядағы әлемдік сында медаль алған боксшылардың ішінде шау тартқаны біздің Теміртас қана шығар. 33 жаста, ересектер арасындағы әлем чемпионатына тұңғыш рет қатысып отыр. Ол осы күнге дейін Қазақстан чемпионатында бес жыл қатарынан жеңімпаз атанды. Бірақ ең үлкен додасы Азия чемпионаты ғана. Ара-тұра халықаралық сайыстарға да салып сынап көрді. Бокста 30 жастан кейін сапарыңды жалғастыру өте ауыр. Денсаулыққа да жеңіл тимейді. Ал Теміртас өзінің кезегін күтіп, ақыры дегеніне жетті. Жүсіповті әлем чемпионаты, Олимпиада ойындарына салмағаны үшін бапкерлер опынатын шығар енді. Жекпе-жек тілеп, нағыз зар күйінде жүргенде, біз жампозды дәреже деңгейі төмен халықаралық жарыстарға ғана қосып, қамау терін алдық. Биылғы күз Теміртас үшін олжаны орасан бұйыртты. Қыркүйекте ғана Ресейде әскерилер арасында әлем чемпионы атанған болатын біздің батыр.

51 келі салмақта Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Сәкен Бибосынов, сөз жоқ, үздіктер қатарынан көрінеді деген тізімде тұрды. Алғашқы айқасын, яғни әлем чемпионатының түңлігін түретін жекпе-жегінде өзбектің батыр ұлы, Рио Олимпиадасының чемпионы, «Вэл Баркер» кубогының, «Өзбекстан мақтанышы» мемлекеттік орденінің иегері Хасонбой Дусматовты жеңгенде-ақ алтын медальға жол ашылғандай болған. «Бұл әлем чемпионатына тек алтын медаль олжалауға келдім» деп белін нық буған Бибосынов уәдесін жұтпайтын жампоз екенін дәлелдеді. 2017 жылы әлем чемпионатының қола медалін алған Сәкен сырбаз көк байрағымызды биікке көтеріп, Әнұранымызды шарықтатты.

54 келі салмақ дәрежесінде Махмұд Сабырхан финалда жапон боксшысына есе жіберіп, күміс медальмен күптелді. Марапаттау рәсімінде Жапония әнұраны шырқалып, байрағы желбірей көтеріліп бара жатқанда Махмұдтың жанарын жас жуды. Іштегі буырқанған өкініш, уыстан сусып кеткен әлем чемпионы атағы бәрі-бәрі бойынан жас боп шықты. Махмұд мықты боксшы, жиырмаға жасы жаңа ілінген саңлақтың шығар биігі алда әлі.

57 келіде Серік Теміржанов финалдық жекпе-жекте американдық боксшыға есе жіберіп, күміс медальді місе тұтты. 23 жастағы Теміржанов үшін аз олжа емес күміс медаль.

Ұлттық құраманың капитаны, жасөспірімдер арасындағы Олимпиаданың жеңімпазы Абылайхан Жүсіпов (*67 келі*) жапон боксшысына жартылай финалда есе жіберіп, қола медальді қанағат тұтты. Қазақ боксының тарихында әлем чемпионатынан үш мәрте қола медаль алған әзірге жалғыз боксшы осы Абылайхан Жүсіпов. Ұлттық құраманың капитаны жартылай финалдық жекпе-жекте жапон Оказаваға ұтылған жоқ деп біздің федерация AIBA-ға шағым түсірген, бірақ еш қайран болмады.

Қысқа күнде, аз ғана уақыт ішінде боксқа жасалған реформа өз нәтижесін берді. 2 алтын, 2 күміс, 1 қола медальдің салмағы ауыр қашанда саралай білген адамға. Жүлделі оралған боксшыларымыз AIBA-ның сыйақысынан сырт, мәдениет және спорт министрлігі мен еліміздің бокс федерациясының да қомақты қаржысына кенелді.

Сербия осылай бокстан кезекті әлем чемпионатын сән-салтанатын асырып, кем-кетігін жасырып, жоғары деңгейде өткізіп берді. Енді 2023 жылы Өзбекстан ұйымдастырады.

Ұлттық құраманың бапкерлер алқасына, бокс федерациясының ұжымына, ел абыройын асырған боксшыларымызға айтар алғысымыз шексіз. Алда әлі де дүбірлі додалар бар, сол сында сенімге селкеу түсірмейді деп сенеміз.

**Қуан КӨШЕК**

Түйткіл

*(Басы 1-бетте)*

# ЖЕР АСТЫНДАҒЫ ЖАРЫЛЫС

– «Ешқандай көмек керек емес. Баламнан айырылдым, баламның орнын кім толтырады?» деп етегі жасқа толған Сергей Корниенконың әке-шешесі бір аптадан бері шөгіп қалды. 40 жыл кенші болған әкесі де қазіргі шахтаның жағдайы адам төзгісіз дейді.

«Мына заманда басқа қайда барасың, шахтадан жұмысын бастаған соң жүре берді. Басқа жұмыс таппайсың, амал жоқ, басыңды қатерге тігіп барасың. Ал кеншілерді ойлап жатқан басшылық жоқ. Олардың барын да, жоғын да елемейді. Сондықтан қауіпсіздік жайына қалған», – деді марқұм Сергейдің әкесі Анатолий Корниенко.

Бір ажалдан аман қалған 58 жастағы Элайдын Зейналов пен 61-дегі Жеңіс Маралбаев ауруханада жатыр. Дәрігерлердің айтуынша, олардың жағдайы бірқалыпты. Мақажанов атындағы клиниканың ахуал орталығының жетекшісі Ерік Шонбаев: «Шахта газы метан және көмірқышқыл газдарымен уланған күйде түсті. Кешегі күнмен салыстырғанда жақсару белгілері бар. Бүгін өзін жайлы сезіне бастады», – дейді.

Ал апаттан опат болғандардың бәрі жер қойнына тапсырылды. Бір күнде алты кеншіні ақтық сапарға шығарып салған шағын ғана Абай қаласы күңіреніп кетті. **Наиль Абдуллин, Николай Скитченко, Виталий Шмидт, Сергей Краус, Алексей Супрунов, Сергей Корниенконы** соңғы сапарға

шығарып салуға қала тұрғындары түгел жиналды. Марқұмдардың алды Абай шахтасында 30 жылдан бері жұмыс істейді екен.

«Бұл жігіттерді барлығымыз білеміз, бір кенжарға қатар түсіп-шығып жүретінбіз. Наиль Абдуллин болашағынан үміт күттірген жігіт еді. Бәріне үлгеріп жүретін. Виталий Шмидт бригадир болатын. Ең бастысы, біз тергеу әділ жүрсе дейміз. Ақ-қарасын ажыратсын», – деді марқұмдардың әріптесі Денис Нестеров.

Апаттың себеп-салдарын анықтайтын арнайы комиссия жетекшісі Юрий Ильин дәл осы Абай шахтасынан көктемде қауіпсіздікке қатысты олқылықтар анықталғанын айтады. Бірақ алпауыт компания екі аптаның ішінде кемшіліктерді түзегенін айтып, жұмысын жалғастыра беріпті. Бұл Абай шахтасындағы алғашқы апат емес. 2008 жылы мұнда метан газы жарылып, арты алапат өртке ұласқан. Сол кезде жер астындағы 191 кеншінің 161 қашып шығып үлгерсе, 7 адамның денесін құтқарушылар әрең тауып алған. Қалған 23 кеншінің денесі сол күйі жер бетіне шығарылмады. Өйткені олардың мүрдесін үйінді басып қалған. Қазақ «жер жұтты» деп осындайда айтса керек.

**Диас НҰРАҚЫН**

Fotoайғақ

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДА **РЕСЕЙЛІК ТІРКЕУ НӨМІРІМЕН ЖҮРГЕН 88 000** КӨЛІК РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДА ЕСЕПТЕ ЖОҚ. ЯҒНИ ОЛАР ТИІСТІ ТӘРТІПКЕ СӘЙКЕС ТІРКЕУГЕ АЛЫНБАҒАН НЕМЕСЕ ИЕЛЕРІ КӨЛІКТІ ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНА САТЫП, ЖЕРГІЛІКТІ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРЫП ТАСТАҒАН. ҚАЗАҚСТАН ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС, ТІРКЕУДЕ ТҰРҒАН КӨЛІКТЕР ҒАНА ЖОЛДА ЖҮРЕ АЛАДЫ.

*Ішкі істер министрлігі*

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ФЕРМЕРЛЕР **РЕСЕЙДЕН «ІРІ ҚАРА МАЛ САТЫП АЛУҒА»** ДЕП ЖАЛҒАН ҚҰЖАТПЕН ҚАЗЫНАДАН **380 000 000** ТЕҢГЕНІ СУБСИДИЯ РЕТІНДЕ АЛҒАН.



Ой-пікір

**«Ағылшындардың мәңгілік досы жоқ, ағылшындардың мәңгілік қасы жоқ. Ағылшындардың мәңгілік мүддесі бар» дейді. Бұл қазаққа да тікелей қатысты. Иә, ұлттық мүдде – мазмұны мен ауқымы мейлінше кең ұғым. Ұлттық мүдде міндетті түрде қорғалуы керек. Осы ретте әлем елдерінің бірі ретінде Қазақстанның мәртебесі халықтың санымен емес, сапасымен анықталады: адамдардың денсаулығы, білім деңгейі, еңбек өнімділігі және басқа да көрсеткіштер. Сондықтан жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нақты 10 тармақтан тұратын ұлттық жобалар тізімін бекітті. Солардың бірқатары жөнінде ой тарқатып көрейік.**

# КҮН ТӘРТІБІНДЕ – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

«Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы сол тізімнің соңында тұрғанымен, мәні мен маңыздылығы тұрғысынан қауіпсіздік мәселесі алдыңғы қатардағы мейлінше өзекті мәселе екендігін айтқан жөн. Өйткені адам баласының соғыссыз өткен кезеңдері тым аз. Білікті мамандардың арнайы зерттеулеріне сүйенсек, соңғы алты мың жыл ішінде жеті миллиард адамның басын жұтқан ірілі-ұсақты он бес мың соғыс болып өтіпті. Сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыстан бері әлемде 170 рет соғыс өрті тұтаныпты. Бүгін де төрт құрлықта 24 жерде соғыс сипатындағы қақтығыстар орын алып отыр. Қауіпсіздік мәселесі, әсіресе, 3,5 миллиардқа жуық халық қоныстанған (*адамзаттың жартысынан көбі*), әлемдік жалпы ішкі өнімнің 55 пайызы өндірілетін және бүкіл әлемдік сауда көлемінің 40 пайыздайы шоғырланған Азия үшін өте өзекті. Айта кетерлігі, бұрын да, қазір де планетаның бұл ең тығыз қоныстанған аумағы тұрақсыз болып келеді.

Жалпы алғанда, көршілес Азияның әлемнің жарылыс қатері мол бес-алты аймақтардың қатарына жатқызылғаны туралы ашық айтылуда. Бұл тұрғыда Ауған мәселесі күрмеуі шиеленіскен өзекті тақырып десек қателеспейміз. 2021 жылғы 15-ші тамызда «Талибан» қозғалысы Ауғанстан аумағын толық басып алғанын жариялағаннан кейін де жағдай сол күйде. Өндірісі тоқтаған, шаруасы қожыраған бұл жерде бұрынғысынша есірткі бизнесі белең алып отыр. Естуімше, бүгінгі күні Мәскеудің «қара базарында» ауған есірткісі үлкен сұранысқа ие. Ендеше, оны тасымалдау көлемі ұлғаятынына, ал есірткі дәлізін Қазақстан аумағы арқылы жүргізуге ұмтылыс жасалатынына еш күмән жоқ. Босқындар жайы да алаңдатарлық. Олардың көпшілігінің біздің аймаққа қарай жөңкілуі ықтимал. Егер осылай бола қалса, тұрақтылық жайлы көпке дейін ұмытуға тура келеді. Мына мәселені де қаперімізде ұстаған жөн. Әскери-стратегиялық қағидаларға сәйкес, әр мемлекеттегі әскердің саны халықтың 0,5 пайызын құрау керек. Бұл 19 миллионның 0,5 пайызы небәрі 95 мың әскер деген сөз. Біз 95 мың әскер ұстауға құқылымыз, бірақ біздегі әскер саны одан да аз. Ал мамандардың айтуынша, әлемнің тоғызыншы территориясын тек қана «қымтап жабу» үшін бізге 150 мың әскер керек екен! Мұндай мүмкіндік 30 миллион халқы бар елде ғана бар. Қазақстанға әзірге қол жетпес меже.

Сондықтан да өз тарапымыздан тиісінше әрекеттер жасалмаса, еліміздің тыныштығына ешкім де кепілдік бере алмайтыны белгілі. Сол себепті, кезінде Елбасы Н.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін шақыру және Орталық Азияны ядролық қарудан азат аймақ деп жариялау жөнінде ұсыныс енгізді. АӘІСШК қазір аймақтағы ең маңызды ұйымдардың бірі. Қазақстанның бастамасымен құрылған Шанхай ынтымақтастық ұйымы да аумақтағы қауіпсіздікті тиісінше қамтамасыз етуге оң ықпал етіп отыр. Сонымен бірге өз еліміздің күш-қуатын еселеу бағытында да нақты шаралар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, ауған процесін реттеу мақсатында Мемлекет басшысының шешімімен Арнайы өкілдің тағайындалуы ауған проблемасы бойынша екіжақты форматта және көпжақты келіссөздер механизмдері аясында шетелдік серіктестіктермен бірлесе отырып, тығыз жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ал Ауғанстанда берік бейбітшілік орнату мәселесі Қазақстанның ұзақ мерзімді ұлттық мүддесімен сай келеді және де бұл терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы сияқты қауіп-қатерлерге қарсы күрес тұрғысынан алғанда да аса маңызды саналады, Осылайша Орталық Азияда тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал етеді.

Сондай-ақ Қарулы Күштер заман талабына сай мемлекеттің егемендігі мен аумақтық тұтастығын, өз халқының ұлттық мүддесін қорғауға әрқашан да дайын болуы тиіс. Сондықтан «Қауіпсіз ел» ұлттық жобасы бағытының бірі – «Қарулы Күштерді жаңғырту» болып табылады. Нәтижесінде, асимметриялы және гибридті сын-қатерлерге тойтарыс беруге дайын болу, әскери процесті басқаруда жаңа технологияны енгізу және автоматтандыру – осының барлығы бүгінде ерекше маңызды болып отыр. Мұның сыртында Қазақстан Президенті – Жоғарғы Бас қолбасшы 2021 жылғы тамызда Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың құрылысы мен даму тұжырымдамасын бекітті. Оны іске асыру мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға, әскери қауіпсіздікке төнетін қазіргі заманғы сын-қатерге пара-пар ден қоюға және бейбіт уақыттың міндеттерін тиімді орындауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі келешегімізді жаңа қырынан айқындап, еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға нық қадам басуға толық кепіл бола алады деуге негіз бар.

Ал осынау бейбіт өмірді баянды етуге ықпал етер экономиканың дамуына үш түрлі капитал үлес қосады. Бірінші, табиғи капитал өндірісте қолданылады. Екінші, физикалық капиталға тауар өндіру мен қызмет көрсетуге қажет құрал-жабдықтар, машина, тұрғын үй құрылысы мен түрлі қорлар жатады. Үшінші, адами капиталы бейматериалдық, зияткерлік активтермен өлшенеді. XIX-XX ғасырларда дамыған мемлекеттер адами капиталға инвестицияларының 20-30 пайызын ғана салып, қалғанын физикалық капиталға арнады. XXI ғасырдың басында, керісінше, инвестициялардың 80 пайызы адами, 20 пайызы физикалық активтерге жіберілуде. Бұл әсте кездейсоқ емес. Адам – экономика дамуының әлеуеті де, шектеуіші де. Бүгіндері кей салалар заманауи адами капиталдың жетіспеушілігіне байланысты дамымай отыр. Сондықтан отандық білім беру жүйесінің басты міндеті – адами капиталды дамыту арқылы Қазақстанның әлемдегі бәсекелестігін арттыруға саяды. Президент те өз тарапынан «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына басымдық беріп отыр.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, ұлттық жоба бес міндеттен тұрады. Бірінші міндет – мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін және сапасын қамтамасыз ету. Нәтижесінде, 2025 жылға қарай 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 95 пайызға, 3 жастан 6 жасқа дейін 100 пайызға жетеді. «Ойын арқылы оқыту» қағидаты негізінде бала дамуының жаңа моделі де енгізіледі. Екінші міндет – орта білім беру сапасын арттыру. Бұл жоба шеңберінде 12 жылдық оқытуға көшу жоспарланған. Үшінші міндет – мектептерді жайлы, қауіпсіз әрі заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз ету. Ол үшін 2025 жылға қарай бір мың мектеп салу көзделіп отыр, ал шағын қалаларда, аудан орталықтарында, ауылдарда 5 мың мектеп модернизацияланады. Төртінші міндетке келсек, бұл – қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету. Атап айтсақ, 2025 жылға қарай жастардың 100 пайызы қажетті мамандықтар бойынша тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етілмекші. Ал бесінші міндет, ол – еліміздегі жоғары оқу орындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Ұлттық жоба шеңберінде Назарбаев Университетінің тәжірибесі бойынша 20 академиялық артықшылық орталығы (*15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО*) және 2 озық ЖОО құрылады. Сондай-ақ, 2025 жылдың соңына дейін шетелдік жоғары оқу орындарының 5 филиалын ашу көзделуде, бұл жастардың елден кетуін қысқартуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, халық ағартушысы Ыбырай Алтынсарин айтқанындай: «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып – тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ». Ал Пайғамбарымыздың хадистерінде мынадай сөздер бар: «Кімде-кім білім іздеу жолына түссе, Алла тағала оның жәннатқа баруын жеңілдетеді».

Сайып келгенде, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының ең басты міндеті кең көлеміндегі ақпарат тасқынында өзін еркін сезінетін және сыни тұрғыда ойлана алатын азаматтар дайындау болып табылады. Барынша орынды әрі маңызды шешім. Өйткені қазір әлемде, бірінші кезекте АҚШ-та, терең білімге негізделген жаңа цифрлық экономиканы өмірге әкелген бесінші технологиялық Кондратьев К-циклі біртіндеп алтыншы деңгейге өтуде. Бұл көшу, әлемдік сарапшылардың пікірінше, физика, биология, математика және химияны бір ғылымға біріктіру жолымен жүреді және жаңа технологиялық жетістіктер мен материалдарға жүгінеді. Ал алтыншы технологиялық циклдің басты философиясы таным мен әлеуметтік тәжірибе процесінде адам, қоғам және табиғаттың мызғымас бірлігінің принципі болып табылады. Әзірге бұл туралы бізде қандай да бір сөз болып та жатқан жоқ. Сондықтан да Мемлекет басшысы «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын ұсынып отыр. Аталмыш жобаның басты мақсаты – Қазақстанның цифрлық трансформация есебінен тиімді мемлекеттік басқаруы бар, сенімді деректер негізінде шешім қабылдайтын, сондай-ақ цифрлық дәуірде инфрақұрылымды тиімді және қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның қосатын үлесін арттыратын заманға сай елге айналу. Ұлттық жоба жүзеге асқан жағдайда 100 мың жаңа жұмыс орны құрылады, мемлекеттік қызметтер смартфонда 5 минут ішінде көрсетіледі, кепілдендірілген жылдамдықтағы интернет іске қосылады (*қалалар – 10 мб/сек, ауылдар – 5 мб/сек*), ғалымдар мен зерттеушілер санын 34 мың адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік туады. Криптоиндустриядан жыл сайын 79 миллиард теңге салық түсетін болады.

Иә, өмірдің талаптарына сай даму – бұл қоғамның алға жылжуы, адамзат өркениетінің өнегелі өлшемі. Осыған байланысты мына бір мысалды келтіре кеткен жөн тәрізді. Сауд Арабиясының белгілі саясаткері Ахмет Заки Ямани былай дейді: «Тас дәуірі әлемде тас таусылып қалғаннан аяқталған жоқ, мұнай дәуірі де дүниеде мұнай көзі біткендіктен тоқтап қалмайды. Мұнайдың орнын биоэнергетика, ядролық, сутегі энергиясы, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері сияқты энергияның неғұрлым жетілдірілген түрлері басатын болады». Қазақстанға энергия өндірудің аралас жүйесі тән. Бұл қуатты дәстүрлі энергия көздерімен қатар мүмкіндігінше жаңартылған энергия көздерін дамытуға мол мүмкіндік береді. Осы тұрғыда еліміздің әлеуеті зор. Мәселен, Қазақстандағы жел энергетикасы жылына 920 млрд киловатт/сағат өндіреді деп бағаланады. Су энергиясы әлеуеті 62 млрд киловатт/сағатты құрайды. Күн энергиясының әлеуеті жылына 2,5 млрд киловатт/сағатқа дейін жетеді. Бүгінде толық қуаты 2 мың мегаватт болатын жаңартылған энергия көздерінің 50-ден астам нысаны жұмыс істеп тұр. Ал 2050 жылы баламалы энергияның мемлекеттік энергия теңгеріміндегі үлесі 50 пайызға дейін көтерілуі қажет. Сондықтан экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан «Жасыл Қазақстан» және су ресурстарын басқаруға байланысты екі ұлттық жоба қолға алынды.

Президент Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша қолға алынған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы ауаның ластану деңгейі өте жоғары 10 қаланың жағдайын жақсартуы тиіс. «Жасыл Қазақстан» негізгі 7 бөлімнен тұрады. Су нысандарын сауықтыру, ауаның ластану деңгейін төмендету, қалдықты басқару, биоалуандылықты сақтау, еліміздің көгалдандыру, энергия тиімділігі, сол секілді экоқұрылым мен экологиялық мәдениетті арттыру – аталған жобада қамтылып отырған негізгі бағыттар. Бұл Теміртау, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған және Шымкенттегі экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Министрлік мәлімдемелеріне сәйкес, 2025 жылға қарай ағын суларды төгу көлемін төмендету, қалдықты өңдеу үлесін ағымдағы 18 пайыздан 35 пайызға дейін арттыру, сондай-ақ еліміздің ЖІӨ-дегі энергия сыйымдылығын қысқарту көзделуде. Сонымен қатар, республиканың орман қорында екі миллиард ағаш отырғызуға байланысты орындалып жатқан жұмыстардың тиімділігін арттырып, қоғамдық мониторингті күшейту үшін министрліктің қолданыстағы геопорталының базасында интерактивті картаны құру ұсынылады.

Сондай-ақ Ұлттық жоба аясында халық үшін қолайлы өмір сүру ортасын құру және экологиялық жағдайды жақсарту, оның ішінде: атмосфералық ауа сапасын жақсарту, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен тиімді жұмыс істеу, суды тиімді әрі ұқыпты пайдалану, Балқаш көлі мен Солтүстік Арал теңізінің экожүйелерін сақтау, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар түрлері мен ихтиофаунаның санын ұлғайту, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру, жасыл екпелер алаңын ұлғайту, табиғат пен жануарлар дүниесіне ұқыпты қарауға дағдыландыру арқылы биологиялық әртүрлілікті сақтау, сондай-ақ халықтың экологиялық санасын жаңғырту көзделіп отыр. Су кодексін әзірлеу және су саласының мамандарын даярлау жөніндегі жұмысы да күшейтілмек. Ұлттық жоба аясында 2 мың шақырымға жуық магистралды арналарды жаңғырту, жалпы көлемі 885 млн текше метрді құрайтын 8 жаңа су қоймасын салу міндеті тұр.

Ұлттық жобалардың ұтымды тұсы көп. Мәселен, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасының аясында тұрғын үй құрылысына 13,5 триллион теңге инвестиция тартылып,16 мың шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілері салынады, жолдар жөнделіп, жоғары жылдамдықтағы магистраль құрылысы жүргізіледі. Ал «Кәсіпкерлікті қолдау» ұлттық жобасы бойынша 690 мың шағын және орта бизнес субъектісі мемлекеттік қолдауға ие болады. «Бастау Бизнес» аясында жеке ісін ашқан кәсіпкерлер саны 2 есе өседі, соның ішінде 55 мың ауыл кәсіпкеріне нақты қолдау көрсетіледі. «Тәні саудың – жаны сау» десек, сол мақсатқа қол жеткізу үшін «Дені сау ұлт» әрбір азамат үшін сапалы және қолжетімді денсаулық сақтау» ұлттық жобасы дайындалып, халықтың медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға қатты көңіл бөлінуде. Нәтижесіз де емес. Егер осыдан он жылдай бұрын жүрекке ота жасату үшін адамдар шетелге баратын болса, қазір елімізде жылына жүрекке 60 мыңдай ота мемлекет есебінен тегін жасалынады. Осынша адам өмірін ұзартып қана қоймай, толыққанды жұмыс істеуге мүмкіндік алып отыр. Жүрек ауруынан қайтыс болатындар 30 пайызға дейін азайды. Сөйтіп ұлттық жобада көзделгендей адамдардың өмір сүру ұзақтығын 2020 жылғы 71,37 жастан 2025 жылы 75 жасқа дейін ұлғайтуға жағдай бар. «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» ұлттық жобасы бойынша да оң нәтижелер күтілуде. Мәселен, өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің өндірісі 1,5 есе артады. Шикізаттық емес экспорт 2 есе ұлғайып, 2025 жылы 41 миллиард долларды құрайды, экономикадағы еңбек өнімділігі 1,2 есе өседі. Геологиялық зерттелетін аймақтың көлемін 2,3 миллион шаршы шақырымға дейін ұлғайту көзделуде. Жалпылай алғанда, экономикаға тікелей қатысты ұлттық жобалар тұрақты экономикалық өсуді 5 пайыз деңгейінде қамтамасыз етуге, халықтың табысын 27 пайызға арттыруға және 450 мың тұрақты жұмыс орнын құруға жол ашады.

Түптеп келгенде, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша қолға алынған ұлттық жобалар қазіргі дамудың жаңа ұйымдастырушылық сатысына өтуге мүмкіндік беріп отыр. Осыны пайдалануымыз керек. Үкімет те ұлттық жобаларды іске асыру экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттырудың, халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың факторына айналатынын мәлімдеді. Бұл ұлттық мүддемізге толық сай келеді. Ал ұлт мүддесін сөз ету – Абайдан басталған мәңгі тақырып. Оның шегі де жоқ.

**Кенжеболат ЖОЛДЫБАЙ,**
*саясаттанушы,*
*Нұр-Сұлтан қаласы*

SERPIN
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz



Жүрекжарды

**Шетелдің әлдебір саяхат орны, қасиетті жерлері туралы жақсы білеміз, тамсана әңгімелейміз. Себебі олар сол жердің қасиетті екеніне бізді сендіріп қойған. Қасиеттің не екені туралы көп нәрсе айтуға болады. Бірақ жинақтай келгенде екі түйінге тоқтаймыз. Бірі – емдік қасиеті бар немесе көрінісі ғажап ерекше жаратылған табиғи орта, екіншісі – қолдан жасалған көпке қызмет ететін орындар. Мұндай орындар бізде де бар.**

# ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТЫНЫСЫ

Өкінішке қарай, өзіміздің қасиетті жерлерімізді танымай келдік. Танысақ та, жеткілікті мән беріп, басқаларға таныта алмадық. Соның бірі – Елорда төрінде орналасқан Президент орталығы десем, қазақстандықтар бұған келісер деп ойлаймын. Бұлай деуімнің мәні бар. Кейде жанымыздағы нәрсеге мән бермей, жүре беретінміз бар ғой. Қанша жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласында тұрып, Президент орталығын көрмеппін. Соның сәті жуырда түсті. Мен барғанда Президент орталығы жаңа ғимаратқа көшіп, орналасып үлгеріпті. Бірінші қабаттағы Тұңғыш Президент мұражайымен асықпай танысып шықтым. Көз аям кеңіп, көңілім өсіп, кеудемді мақтаныш сезімі кернеп, рухым көтеріліп, басқа бір әлемге тап болғандай күй кештім.

Дамыған, өркениет биігіне көтерілген елдерде мұндай орталықтар бар. Америкада саяси қызметін аяқтаған соң президент атында орталық ашылады екен. Ондай орталық өзінің туған өлкесінде немесе саяси карьерасын жасаған жерде де ашылуы мүмкін. Америка Құрама Штаттарының экс-президенттердің бәрінің атында орталықтар бар. Мұндай орталықтар басқа елдерде де жұмыс істейді. Оның бәрін тәптіштеп таныстырып жатудың қажеті жоқ. Бірақ осы мақаланы жазудағы мақсатымызға сай, өзім болып, жұмысымен танысқан Президент Джеральд Форд орталығы мен Борис Ельцин кітапханасы туралы бірер ауыз айта кетсем, артық болмас. Бұл орталық

Michigan штатында орналасқан. Мен онда болдым. Қызығасың. Өркениеттің бір белгісі – халық үшін қызмет еткен азаматтарын ардақтай білу. Жаңағы айтқан Форд Америка тарихында ең қысқа, небәрі екі-үш жыл билік жүргізген президент. Саяси жағынан да ықпалды болған басшы емес. Джеральд Форд орталығын аралап көргенде, оның өз халқы үшін нендей игілік жасағаны емес, қандай адам болғаны көбірек қызықтырды. Жүрегімде ол кісіге деген үлкен құрмет пайда болды. Өйткені онда Фордтың адами тұлғасы айқын көрініп тұр. Ал Борис Ельцин кітапханасының мазмұны басқа. Санкт-Петербург қаласының орталығында, Сенат алаңындағы тарихи ғимаратқа орналасқан. Әрине, өте әдемі, заманауи конференц-залдары, ішкі құрылымы – бәрі де тамаша. Бірақ олардың концепциясы басқа. Ельцин кітапханасы аты затына сай бүкілресейлік электронды кітапхана қызметін атқарып тұр.

Ұлттық тарихымызда ел есінде қалған тұлғалар қаншама: «Әз Жәнібек хан», «Елдің қамын ойлаған Ер Едіге», «Салқам Жәңгір», «Ер Абылай», «Ер Тарғын», «Пір Бекет» т.б. Бәрін де халық мақтанышпен еске алады. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Әз Тәукенің жеті жарғысы» әлі ұмытылған жоқ. Есімдеріне ондай мадақтау сөздер қосылмаса да, кейбір адамдарға қасиет иесі ретінде қараймыз. Абай, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы т.б. Бұлардың бәрі де халқына адал қызмет еткен тұлғалар.

Тәуелсіздік бізден көп нәрсені талап етуде. Басқалармен етене араласу, әсіресе, дамыған елдердің ел басқару жүйесін, тәжірибесін зерттеп, оны өз жағдайымызға бірлестіре пайдалану біз үшін ауадай қажет. Еліміз алғаш Тәуелсіздік алған кезде біздің жерімізде әлемде төртінші орында тұратын ядролық арсенал болды. Үлкен күш еді ғой. Дейтұрғанмен, Елбасымыз сол жойқын қарудан бас тартуды жөн көрді. Бұл – жеке өз қалауы емес, халық атынан қабылданған аса маңызды шешім. Мұражайды аралап көрген кісі осы бір саяси шешімнің неге қабылданғанын, қандай пайдасы болғанын, қалай жүзеге асқанын, соңғы нәтижесін өз көзімен көріп, жанымен сезінері анық.

Президент орталығының құрылымы да, концепциясы да американдық үлгіге жақын. Бұл, сөзсіз, әлемдегі озық үлгі. Алайда еліміздің нышандары айқын көрініс тапқан.

Мұражайда бір-бірімен жалғасып жатқан жеті зал бар. Оның алтауына экспонаттар қойылған. Соңғысы алдыңғы алты залдың мазмұнын қорытындылап тұрған кульминациялық мәнге ие.

«Президент жолы» залынан Елбасының 1991 жылдан басталған президенттік қызмет атқарған кезіндегі саяси өмірін жан-жақты көрсететін бірегей заттық экспонаттармен танысасыз. Елбасының тың бастамалары қалай дүниеге келді, оның соңғы нәтижесі қандай болды? Бәрі көз алдыңызда. Қазақстан Халықтары ассамблеясын құру, Ата заң жасау, шекараны делимитациялау, Қазақстанның ұлттық валютасын шығару т. б. маңызды саяси шешімдер кезіндегі Елбасының жан тебіренісін сезінгендей боласыз.

«Стратег жолы». Бұл залды көрген кісі Президент Назарбаевтың ақыл-парасатына тәнті болары сөзсіз. Көрегендікпен жасалған саяси қадамдар бұл күнде өз артықшылығын дәлелдеген. Соның бірі – 1994 жылы айтылған Астананы Ақмолаға көшіру туралы ойы. Экономикалық жағдайдың қиын кезінде бұл қадамға неге барғанын қарапайым халық емес, сұңғыла саясаткерлердің өзі кезінде үрке қараған, 20 жылдан артық уақыт өткен соң, енді ғана түсіне бастадық.

Мұражайдағы ерекше бір экспонат «орта ғасырлық қаланың философиялық көрінісі» атты кілем. Бұл түркі халықтарына ортақ философиялық ойлау жүйесінің қалай қалыптасып дамығанын көрсететін ғажайып дүние. Бірнеше минуттық қысқа уақытта сан ғасырлық мәдениет тарихын тануға мүмкіндік беретін, қазақ жеріндегі қалалық мәдениеттің дамуының медиалық көрінісі.

1998-99 жылдары Астана бейбітшілік қаласы атанды. Бұл жай ғана атақ емес, Елбасының көрегіндігі мен қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізген мемлекетіміздің биік мәртебесі. Мұражайдан осы ақиқатты көзбен көруге болады.

Мұражай экспонаттарының ішінде шетелдердің Нұрсұлтан Назарбаевқа көрсетілген құрметі, ұсынған сыйлықтары, медаль, наградалары ерекше назар аударады. Елбасына көрсеткен құрметтің қазақ халқына – Қазақстанға көрсетілген құрмет екенін жаныңмен сезінесің.

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасып, дамуындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлі мен орнын зерттеу – бүгінгі буын ғана емес, келешек ұрпақ үшін де маңызды. Президент орталығы жас ұрпақ бойындағы патриоттық сезімді күшейтіп, мемлекетшілдік сананы қалыптастыруға негіз болатын қасиетті, маңызды институт.

Қазақты саяси жақтан да, рухани жақтан да әлемге танылған кезі Тәуелсіздік жылдары десек, бұл тікелей Н.Назарбаев есімімен байланысты. Астанамыз әлемдік дін басылары мен қақтығысты аймақтардың басшылары бір үстел басына жиналып, пәтуға келетін саяси диалог алаңына айналды.

Мұражайда жүргенде Елбасымен бірге жүргендей әсер аласыз. Жастық шағы, өмір жолы қандай? Саяси тұлғасын қалай таныдық, қалай бағалаймыз? Ол кісі елімізге не істеп берді? Осы сұрақтардың жауабы көз алдыңызда тұрады. Табалдырығынан аттай сала Тәуелсіз елдің тынысын сезіне аласыз. Мұндағы экраннан естілетін әр дыбыс – Тәуелсіз Қазақстанның үні. Мұнда келген кісінің құлағының түбіне күмбірлеп тұратын, жадынан мәңгі өшпейтін үн.

Осы тұрғыдан келгенде, Президент мұражайы – еліміздің саяси бет-бейнесін көрсететін бірегей құрылым. Әрі рухани, әрі саяси орталық. Тәуелсіз Қазақстанның имиджі, сондықтан да ол Қазақ елі үшін қасиетті орын.

**Бақытжан ОРАЗӘЛИЕВ,**
*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ғылыми кітапхана директоры, философия ғылымдарының кандидаты*

Өзекті

# ТҰРҒЫНДАР ҮШІН ТИІМДІ БАСҚАРУ

**Алматы – еліміздегі тұрғын үй қоры бойынша ең жоғары көрсеткішке ие шаһар. Мегаполис бойынша 600-ге тарта мүлік иелерінің бірлестігі тіркеліп, 2182 жай серіктестік таңдалды. Бұл туралы Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқарма басшысының орынбасары Нұрбол Қажин мен аталған басқарманың тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Жандос Қайырханов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен «Алматыдағы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасы және басқарудың жаңа нысандарын құру жұмысы туралы» брифингте айтты.**

«Бүгінгі күні Алматы қаласы бойынша 2975 көппәтерлі тұрғын үйді қамтитын 2782 жаңа басқару нысаны тіркелді. Бұл тұрғын үй қорының жалпы санының 39 пайызы ғана. Айта кетсек, бірнеше көпқабатты үйдің тұрғындары көбінесе бір мүлік иесі бірлестігіне (*МИБ*) немесе жай серіктестікке (*ЖС*) тіркейді. Қаламызда орналасқан «Долина роз», «Керемет», «Премьера» және басқа да тұрғын үй кешендері осындай қағидатқа негізделген», – деді Нұрбол Қажин.

Оның айтуынша, МИБ пен ЖС-ке көшкен үй тұрғындары

тұрғын үй қорын күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындардың қандай екенін көре алады. Үйлерді басқарудың жаңа формаларына көшіру өте орынды. Өйткені тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасы үйлерді күтіп-ұстау сапасын арттыруға мүмкіндік береді, яғни мұны тұрғындардың өздері жасайды.

«Алматы қаласында еліміздегі ең ірі тұрғын үй қоры бар. Оның 820-дан астамы басқару органдарына қызмет көрсететін 8645 көпқабатты тұрғын үй. Бұл МИБ, ЖС, Пәтер иелерінің кооперативі (*ПИК*). Бүгінгі таңда 50-ге жуық иесіз басқару органдары жойылды. Бұл ретте 7517 көпқабатты тұрғын үй ғана басқарудың жаңа нысандарына көшті. Қалғандары ескірген деп танылды немесе олардың меншік иелері – Қазақстандық ипотекалық компания, коммуналдық тұрғын үй қоры», – деді ол.

Нұрбол Қажин қала тұрғындары басқарудың жаңа формаларына көшу қарқынын арттыру қажеттігін атап өтті. Әкімдік көпқабатты үйлер тұрғындарының бастамасын қолдауға және мәселені шешуге көмектесуге дайын. Ол үшін сегіз мобильді топ құрылып, қалалық жол картасы, сондай-ақ тұрғындар арасында жиналыс өткізу кестесі бекітілді.

Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы тұрғын үй инпекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Жандос Қайырхановтың айтуынша, бүгінде 2000-нан астам жай серіктестік құрылған. Әзірге олар КСК құрамында. Осы орайда Ж.Қайырханов: «Бұл жаңа үрдіске кейбір тұрғындар әлі дайын емес. Сондықтан түсіндіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда жай басқару тетіктері тұрғын үйді басқару бойынша білімін жетілдіретін болады. Тұрғыны аз үйлер бар. Біз оларды да ескеруіміз керек. Ал осы тұрғыны аз үйлер әрмен қарай да КСК-ның құрамында қалғысы келеді. Сондықтан басқарудың жаңа жүйесі толығымен ақпараттандырылуы қажет. 2022 жылдың шілде айына дейін уақыт бар. Ал әрі қарай тұрғын үйлердің барлығы басқарудың жаңа жүйесіне ауыстырылуы тиіс. Жай басқаруға өткеннен кейін қаржы жиналатын есепшот ашылады. Қазіргі таңда осыған байланысты екінші деңгейдегі банктермен келіссөздер жүргізілуде. Есепшот тұрғындардың нотариалды келісімі арқылы жеке тұлғаға ашылуы мүмкін. Бұл жерде тұрғындар мынадай маңызды нәрсеге көңіл аударса дейміз. Олар қанша қаржы жиналып, қандай жөндеу жұмыстары жасалғанын, жалпы тұрғын үйді басқару бойынша қаржының қайда жұмсалғаны жөнінде ақпаратты біліп отырады. Сондықтан тұрғындарды белсенділік танытып, бірлесіп шешім қабылдауға шақырамыз»,– деді.

Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқарма басшысының орынбасары Нұрбол Қажин: «Аудандар бойынша сегіз мобильді топ құрылды, оларға тұрғын үй инспекциясы мен әкімдіктердің өкілдері кіреді. Олар тұрғындармен және қолданыстағы басқару органдарының басшыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді, МИБ және ЖС көшу алгоритмін түсіндіреді. Жыл басынан бері 800 жиналыс өткізілді», – дейді.

Еске түсірсек, 2019 жылдың 26 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойылған болатын. Аталған Заң биылғы жылдың 7 қаңтарынан бастап күшіне енді. Заңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқарудың жаңа тетіктері қарастырылды. Ең басты қағида «Бір үй – бір бірлестік – бір есепшот» деп көрсетілді.

Нұрбол Қажин жаңа бірлестіктің қызметін былай түсіндірді: «Әрбір көппәтерлі үйдің тұрғындары арнайы жиналыста бірлестік немесе қарапайым серіктестік құру туралы шешім қабылдайды. Меншік иелерінің бірлестігі – заңды тұлға ретінде коммерциялық емес болып табылатын ұйым. Ол тұрғындардың өз ішінен құрылады. Тұрғындар жиналысында үш жыл мерзімге көппәтерлі тұрғын үй кеңесі және ревизиялық комиссия сайланады. Сондай-ақ бір жыл мерзімге бірлестік төрағасы белгіленеді».

Оның айтуынша, ең басты тетік – бірлестік немесе жай серіктестік құру. Ол: «Үй кеңесі құрылғаннан кейін, ревизиялық комиссия сайланған соң тұрғындардың арасында белсенділік танытқаны болса, өз келісімі бойынша ол адамның төраға міндетін атқаруға мүмкіндігі бар. Төрағаның қызметі үшін жалақы төлеу керек. Әрі қарай сайланған төраға бірлестікті заңды тұлға ретінде тіркейді және есепшот ашады. Төраға бірлестік атынан сервистік ұйымдармен тікелей жұмыс істеуге, олармен келісімшартқа отыруға құқылы. Сервистік ұйымдарды, яғни

клининг, сантехникалық жөндеу жұмыстарымен айналысатын компанияларды таңдау және келісімшартқа отыру мәселесі жиналыста шешіледі. Әр ай сайын сервистік ұйымдардың атқарған жұмысы туралы акті бойынша төлем бірлестіктің атынан сервистік ұйымға аударылады», – деді.

Ол сөз соңында алматылықтарды басқарудың жаңа формаларына белсенді көшуге шақырды. Өйткені заң талаптарына сәйкес, еліміздегі барлық көппәтерлі үйлер 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін үйді басқару органын ауыстыруы тиіс. Жұмыс істеп тұрған ПИК-тің орнына «Бір үй – бір мүлік иелерінің бірлестігі – бір шот» қағидаты бойынша, мүлік иелерінің бірлестіктері (*МИБ*) немесе жай серіктестіктер құрылады.

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

MAZASYZ MÚIIS

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

Біздің сұхбат

**Төлеутай РАХЫМБЕКОВ,** *ауыл шаруашылығы министрінің кеңесшісі:*

# САНЫ КӨП СУБСИДИЯНЫ ҚЫСҚАРТПАЙ, ІС ОҢҒА БАСПАЙДЫ

**СТАТИСТИКАҒА СҮЙЕНСЕК, ҚОРАСЫНДАҒЫ МАЛЫНЫҢ САНЫ БЕС ЖҮЗДЕН АСАТЫН ІРІ ҚАРАСЫ БАР ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША 352 ҒАНА. СОНДА 352 ФЕРМЕРДІҢ ҒАНА ІРІ ҚАРАСЫНЫҢ САНЫ 500-ДЕН АСАДЫ ДЕГЕН СӨЗ. АЛ ҮШ МЫҢНАН АСАТЫН ІРІ ҚАРАСЫ БАР ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ САНЫ САУСАҚПЕН САНАРЛЫҚ. МІНЕ, ОСЫЛАР СУБСИДИЯНЫҢ ҚЫЗЫҒЫН КӨРІП, РАХАТЫНА МАЛЫНЫП КЕЛДІ.**

*(Басы 1-бетте)*

**Jas qazaq:** Ауылдардың жайылымдық жерін сақтау үшін қайту керек, қандай ұсыныс айтыңыздар?

**Төлеутай Рахымбеков:** Ауылдағы әрбір жанұяда мал басы шағын болуы шарт, қалғанын елді мекеннен тысқары жерде бағу керек. Кооператив құра ма, жоқ, бақташы жалдап бақтыра ма, оны ауыл тұрғындары өзара ақылдасып шешкені жөн. Сонда біз жерді азып-тозудан сақтап, жайылымның жайын да жақсарта аламыз.

Осы заң жобасындағы үшінші мәселе ауыл шаруашылығы өнімдерін ұқсатуға қатысты. Бұрынғы кеңшар, ұжымшар дегеннің бәрі тарқаған, ауылдарда жұмыс орны тым аз. Халықтың басым көпшілігі – қолындағы малының өнімін сату арқылы, бақшасындағы жеміс-жидек, көкөнісін саудалаудан түскен қаражатпен күнін көріп отыр. Бірақ сол табан ақы, маңдай терімен тапқан өнімін өз бағасымен сата ала ма? Ортадағы ойқастаған делдалдардың аузынан ақ май ағып, бір теңгеден үш теңге сауып отырғаны жасырын емес. Мысалы, керек десеңіз айтайық, былтыр карантиндік шектеу қойылғанда Түркістан облысындағы қырыққабатты егістік алқабынан келісін 30 теңгеден сатып алғандар қалаға апарып, 150 теңгеден сатты. Осы әділетті ме? Егістік жұмыстарынан бастап, өсіп-өнгенге дейін баладай мәпелеп қарап, күтімге алатын шаруа, ал оның рақатын көретін ортадағы делдал. Күтке қатысты да осы схема. Ауылдағы ағайыннан, шалғайдағы шаруашылықтан литрін 50 теңгеден алады да, сүт өнімін шығаратын компанияларға 150 теңгеден саудалайды. Міне, осындай көлденең көк аттыға жем болмас үшін не істеу керек? Жер емген шаруаның да, мал соңындағы бақташының да бейнетінің зейнетін өзі көруіне не кедергі? Осы мәселені шешудің жолы бар ма? Әрине, бар. Ол – кооперация. Кооперативке бірігу дегенді біз барлығын бір ұжымға әкеп тығу деп түсінеміз. Бұл жоқ жерден шыққан жік емес, әлемдік тәжірибеде бар үрдіс.

Кооперативке бірігудің тиімділігі мынада. Ең алдымен, шаруа өндірген өнімін ортадағы делдалға арзанға ұстатып, жем болмайды. Кооперативтегі адамдардың ауыл шаруашылығы бағытындағы өнімін, яғни малының еті, сүті, терісі, жүні дегендей, кооперативтің жауапты адамы апарып сатады. Барлығының да өндірген өнімі бір бағада сатылады. Екінші, егіншілікпен айналысатын шаруаларға қажетті техника алу, тұқым табу, жерді құнарландыру үшін себілетін тыңайтқыш әкелу де кооперативтің мойнындағы жұмыс болады. Содан кейін ақпаратпен қамтамасыз ету. Жасыратыны жоқ, ауыл шаруашылығына қатысты, аграрлық саясатты жақсарту үшін іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалар, пайызы төмен несиелер, жеңілдік, субсидия туралы мәлімет, дерек, ақпаратты адамдардың бәрі бірдей алмайды, тіпті білмейтіндері де бар. Содан кейін субсидиядан да, жеңілдетілген несиеден, түрлі бағдарламадан шет қалып жатады. Сол олқылықты осы кооператив толтырады. Қандай да бір ақпаратты, мәліметті, жағымды жаңалықты кооперативтегі адамдарға жеткізіп, ортаға салып отырады. Кооперацияның пайдасын әлемнің дамыған елдері де көріп отыр. Қытай да, АҚШ та, Еуропаның дамыған елдері де кооперативке бірігіп, істерін ілгерілетіп отыр.

Израильді алайық. Ауыл шаруашылығы мақсатқа пайдаланатын жерінің көлемі – 400 мың гектар. Оның ішінде егін егуге жарайтын жерінің көлемі – 200 мың гектар. Салыстырмалы түрде айтсақ, біздің Ақмола облысындағы Есіл ауданының өзінде ғана 400 мың гектар егістік жері бар. Ал сол ел өзін азық-түлікпен 95 пайызға қамтамасыз етіп отыр. 200 мың гектар жерге ғана еккен егінінен түскен өнімді экспортқа да шығарып, пайдаға шаш-етектен көміліп отыр. Ал бізде ауыл шаруашылығына жарайтын жеріміздің көлемі 200 миллион гектар. Ішкі сұранысты толық қамти алмай, азық-түліктің кей өнімін сырттан импорттаймыз. Израиль осындай орасан жетістікке қалай жетті? Ең алдымен, әрине, инновациялық иірімдері тым тереңде бұл – елдің. Екіншіден, жаңағы біз айтқан кооперацияға бірігу арқылы осындай биікке шығып отыр.

**Jas qazaq:** Енді субсидия мәселесі туралы сұрайын. Президенттікке үміткер ретінде тіркелгенде, Мәжілісте депутаттыққа сайлауға түскенде де осы мәселені қозғап, айттыңыз.

**Төлеутай Рахымбеков:** 2016 жылдан бері субсидияның жайын жырлаудан шаршаған емеспін. Әлеуметтік желіде осыны оңтайландыру, шаруаларға қолжетімді болуы үшін қандай механизмді іске қосу керектігін талдап жазып та, айтып жүрмін. 2003 жылдан 2005 жылға дейін үш жылға ауыл шаруашылығы саласы бойынша азық-түлік бағдарламасы іске қосылып, осыны жүзеге асыру үшін субсидияға деп 3,5 миллиард теңге бөлінді. 2018-2019 жылдары субсидияның көлемі 350 миллиард теңгеге жетті, яғни жүз есе өсті. Мемлекет шаруаларға көмек қолын созуда ешуақытта тартынған емес. Бірақ сол көмектің тиісті жеріне жетпеуінде жатыр әңгіменің ұшығы. Осы күнге дейін субсидияның майлы жілігін ұстап, кілкіген сорпасын тек ірі шаруашылықтар ғана сораптап келді. Мәселен, шаруашылығында 3 000 бас малы бар ірі фермерлер ғана алуы шарт еді. Статистикаға сүйенсек, қорасындағы малының саны бес жүзден асатын ірі қарасы бар шаруа қожалығы еліміз бойынша 352 ғана. Сонда 352 фермердің ғана ірі қарасының саны 500-ден асады деген сөз. Ал үш мыңнан асатын ірі қарасы бар шаруашылықтың саны саусақпен санарлық. Міне, осылар субсидияның қызығын көріп, рахатына малынып келді.

**Jas qazaq:** Қарапайым шаруаның қолына тиюі үшін қандай жеңілдік болады, жалпы қиырдағы қырқаның қуысындағы қойшы мен маң даладағы малшы қауым қызығына кенеле ме?

**Төлеутай Рахымбеков:** Ауыл шаруашылығы министрі Е.Қарашөкеев субсидия саласындағы жағдайды өзгерту үшін барынша күш салып іске кірісті. Ең алдымен, субсидияның тиімділігін ілгерілету, екіншіден, коррупциялық көрсеткішін төмендету, тіпті қолдан келсе, басы бүтін жою. 2017 жылы мен сараптама жасап, зерттеп көргенімде, субсидияның 65 түрі бар екенін анықтадым. Түк пайдасы жоқ, керісінше, жемқорлыққа жол бастайтын субсидия түрлері бар. Тиімсіз субсидия түрлерінен аяқ алып жүргісіз. Мысалы, егін шаруашылығына қатысты. Диқанның 1 гектар жерге егетін өнімінің шығыны 40 мың теңге десек, субсидия көлемі 300-400 теңге ғана. Бұл кімге тиімді? Шығынның тек 1 пайызын ғана жабады. Әйтеуір, таратылуы тиіс есіл қаржы. Субсидия тиімді болуы үшін шығынның 30-40 пайызын жабуы керек кем дегенде. Осындай нақтылықпен біз 11 түрлі тиімсіз субсидияны қысқартып, қаржыны басқа субсидияға қосу туралы ұсыныс айттық. Осы жұмыс жалғасын таппай үзіліп қалды. Менің пайымдауымша, елуден аса субсидияның тек үш-төртеуін ғана қалдырған абзал. Ауыл шаруашылығы министрлігінде 2002 жылдан бері қызметтемін. Ел ішіндегі фермерлер, шаруалармен сөйлессеңіз, көпшілігі субсидиядан гөрі ұзақ мерзімді, үстеме пайызы төмен несие берсе деген ниетте. Несиені қай орын береді? Әрине, банк. Банктің несиесі – негізгі тауары. Олар соның пайызымен жан бағып отыр. Демек оларға пайызыңды төмендетесің деп айтқан орынсыз. Одан да несиені 17 пайызбен берсе, шаруа тек 4 пайызын ғана төлеп, қалған 13 пайызын мемлекет субсидиялап өтеп бергені тиімді. Субсидия арқылы несиенің сыйақысын жабу қажет. Сонымен бірге жанар-жағармай алуға субсидия берген дұрыс. Соңғы 20-30 жылда біз малдың тұқымын асылдандыруға, малды жақсартуға көңіл бөлуді қойдық десек те болады. Малдан ет, сүт, жүн алғанда өнімділікті талап етеміз. Ал енді сол малға қуаты мол жем-шөп, дәрумендер беріп жүрміз бе? Қалтасындағы қаржысы бір жыртығын жамауға ғана жететін шаруа малына дәрумені, құнарлы шөп түрін қайдан сатып алсын? Сондықтан да мал азығын алуға субсидия беруіміз керек.

**Jas qazaq:** Кооперативке біріксе, қандай субсидия түрі берілуі тиіс?

**Төлеутай Рахымбеков:** Кооперативке қажетті техника сатып алатын болса, субсидия арқылы 50 пайызын төлеп беруі тиіс. Одан кейін ұжымның жұмысын жүргізетін қызметкерлердің еңбекақысын төлеп беруді де межелі уақытқа дейін субсидиялап қолдап жіберсе, ары қарай жанданып кетеді. Қазақстанда 2186 ауылдық округ бар десек, 2186 кооператив құрған күннің өзінде субсидияға берілетін ақшаның көлемі 35 миллиард теңгеден аспайды. Демек, кооператив құрылса, субсидиямен қамтамасыз етуде қиналмаймыз.

**Jas qazaq:** Редакциямызға Қызылорда облысының шаруалары хабарласты. Ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында несие алып, асыл тұқымды ірі қара алған екен. Келісімшартқа қол қоярда «несиенің 10 пайызын мемлекет субсидиялап төлейді, шаруа 4 пайызын өтейді» деп жазылыпты. Бірақ шаруа несиені рәсімдеп, малды сатып алып жұмысын бастағанда «субсидиямен жабылуы тиіс 10 пайызға қаржы жоқ, келесі жылға резервтен қарастырылады» деген жауап естіген. Бұл қаншалықты әділетті?

**Төлеутай Рахымбеков:** 2015 жылы несие беру ұйымдарының қауымдастығын басқарғанда осы мәселеге қатысты, яғни несиенің сыйақысының пайызына қатысты мәселе етіп көтеріп, барлық облысты аралаған едік. Сол кезде «Неге шаруаға берілетін несие арзан пайызбен «Аграрлық несие корпорациясы» секілді іргелі компаниядан тіке шаруаға берілмейді. Біз оларға бірнеше құжат жинатып, сандалтамыз, қаржы тағы бір көзге өтіп, пайызы үстемеленіп кетеді. Одан да бір жерден берілсе» деген ұсыныс айтқанмын. Әлгі қызылордалық шаруалардың жайы да субсидияны бір көзден алмағандықтан да, күрделеніп отыр деп санаймын. Басқа шаруалардың басындағы кеп те осындай. Сол олқылықты түзеп, реттеу үшін өзіміздің ұсынысымызды жолдап, жұмыс тобы қадағалап жүйелеп жатыр. Өзгеріс керек қалайда, субсидия алу тетігі қиындамауы қажет.

**Jas qazaq:** Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан Қуаныш РАХМЕТ**

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

## «БҰЛ ЖАҚЫНДА ҒАНА ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕ ЕМЕС»

«АТҚАРЫЛҒАН ШАРУА ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР КӨҢІЛ КӨНШІТПЕЙДІ. МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫНАСЫНА МИЛЛИАРДТАҒАН ДОЛЛАР ЗИЯН КЕЛІП ЖАТЫР. МЕН ТЕРГЕУ САПАСЫНА БАСА НАЗАР АУДАРАМЫН, БАҚЫЛАУДА ҰСТАЙМЫН. СІЗ ҚАЗІР АЙТҚАН БҰЛ ТӘЖІРИБЕ БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН БЕРІ ІСКЕ АСЫП КЕЛЕ ЖАТЫР. БҰЛ ЖАҚЫНДА ҒАНА ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕ ЕМЕС. СОНДЫҚТАН ОДАН ӘРІ ТЕРГЕУДІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮРГІЗУДІ ТАПСЫРАМЫН. БІЗ БАРЛЫҚ ЖАУАПТЫ ТҰЛҒАНЫ АЙЫБЫ ДӘЛЕЛДЕНСЕ, ЖАЗАЛАУЫМЫЗ КЕРЕК. КОЛОНИЯЛАРДА ОРЫН БӘРІНЕ ЖЕТКІЛІКТІ»

*(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Солтүстік Қазақстан облысына барған сапарында айтқан сөзі)*

# СОЙЫЛ ӘЛІ ТАЛАЙ ЖЕМҚОРҒА ТИЕТІН СЕКІЛДІ

Президент Қ.Тоқаев ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында берілетін субсидияның қаржысын жымқырғандар мен жегендерді қатаң тексеруге пәрмен бергенге дейін де дауға қалған ведомствоның бір емес, 30 қызметкері ұсталған болатын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне Қ.Тоқаев тексерісті одан әрі де қатаңдатып, қырағы қадағалауды тапсырды. Демек субсидияның ақшасын судай сіміріп, қазына қаржысына қол салғандардың саны отыздан асып кетуі мүмкін. Агенттік елдің екі қаласында және жеті өңірінде мемлекет қаржысын майлы жілікке айналдырып алған қылмыстық топтарды анықтады.

Субсидия «жырына» қатысты бірнеше маманның пікірін білдік.

**Алмасбек САДЫРБАЕВ,** *«Шопан ата» қойшылар қауымдастығының төрағасы:*

### ҚАРАПАЙЫМ ШАРУАЛАРҒА ЗИЯНЫ ТИІП КЕТПЕСЕ ЕКЕН

«Осы субсидияға қатысты, басқа да ауыл шаруашылығының қордаланған түйткілін шешіп, шаруаларға қолдау көрсетіп, еліміздің әр аймағын аралап қолымнан келгенше көмектесіп келемін. Қазір, міне, осы субсидияның жырын Қызылорда облысында жырлап жүрміз. Субсидия ала алмаған шаруалардың шақшадай басы шарадай болып, не істерін білмей дал. Жазда қуаншылық алқымдап, әбден әбігерге салды. Жем-шөптің жетіспеушілігі бір қысса, жанар-жағармайдың бағасы өсіп, тасымалдаудың қызмет ақысы шарықтап, екінші соққы болды.

Мемлекет басшысының субсидияны сан салалы жолмен жымқырып жатқандарды қатаң жазалауды тапсырғаны құптарлық іс. Дұрыс, жемқорлар жазасын алсын, ал қарапайым шаруаның қолына мемлекет тарапынан берілетін жеңілдік тиюі керек. Тексеру деген осы екен деп, шаш ал десе, бас алатындар қарапайым шаруаға жапа шектірмесе екен деймін. Осы күнге дейін субсидия алудың механизмін агро олигархтар өздерінің қолайына қарай ыңғайлап жасап алған. Емен есіктердің арғы жағында, жып-жылы кабинетте отырған шенді-шекпенділердің сызған схемасы қарапайым шаруаға оңтайлы емес. Осыны реттейтін кезі келді».

**Бейбітшілік ТОЛЫБАЕВ,** *«Боранбай» шаруа қожалығының төрағасы:*

### ҚАРЫЗҒА БЕЛШЕДЕН БАТТЫҚ

«Менің шаруа қожалығым Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Еңбек ауылында орналасқан. Мен асыл тұқымды ірі қара малын көбейту үшін «Қазагронесие корпорациясының» Қызылорда облысындағы филиалынан 14 пайызбен несие рәсімдедім. Келісімшарт бойынша, несиенің 10 пайызын мемлекет субсидиялап, мен 4 пайызын төлеуім керек еді. Құжаттарға қол қойғанда келісім солай болған. Несиемізді алдық, оған 38 бас ұрғашы тана сатып әкелдім. Бәрі де асыл тұқымды ірі қара. Одан сырт 3 бұқа алдым. Субсидиямен қолдап әр басқа 150 мың теңгеден қаражат берілуі керек еді, ол да жоқ. Жауапты мекемеге барсақ, «биылға ақша жоқ, келесі жылдың қорында қаржы қалса, беріледі» деген жауап алдық. Балаға тәтті беремін деп жұбатып алып, алдап соққандай болып отыр. Осыдан кейін қалай ауыл шаруашылығы дамиды, фермерлердің көңілі қалмай ма? Қыстың көзі қыр астында тұр. Қуаншылықтың кесірінен ала жаздай жайылымнан тарықтық, мал азыңқы, алда қыс келеді. Жем-шөпті дайындау үшін басқа банктен де 3 миллион 800 мың теңге несие алдым. Қайтем енді, қыста малымды шығынға беремін бе? Оның үстіне биылғы қыс тым суық болады деп болжаушылар одан бетер үрейімізді ұшырып жатыр. Екінші деңгейлі банктен алған несиені ай сайын төлеп келемін. Ал «Қазагронесие корпорациясынан» алған несиемді алты айда бір мәрте төлеп отырамын. Келесі жылдың ақпан айында алғашқы төлемді жасауым керек. Несиеге белшеден батып отырған біздер, қалай төлем жасаймыз?

Асыл тұқымды ірі қара малын алу үшін 15 миллион теңгені 10 жылға рәсімдеп алдым. О баста бізге «мемлекет 10 пайызын субсидиялап бермейді» деп айтса, мүмкін несие рәсімдемес едік. Енді қайда барып, мұң шағарымды білмеймін.

Өткен жолы несиеге сатып алған мал басын тексеруге ауыл шаруашылығы бөлімінен жас маман келді. Қалада өскен, малдың исі мұрнына бармайтын кадр еркек пен ұрғашыны ажырата алмайды. Биыл бізде қыста қар жаумайды тек, қара суық қариды деп болжам айтылып отыр. Қара суық малдың аузына жем-шөпті аямай тығындасаң да, аздырып жібереді. Шаруаның осындай жайын кабинеттегі әлгі кадрлар қайдан білсін?!».

**Жазып алған Нұрдан КӨШІМБАЙ**

RÝQANIAT
E-mail: jasqazaq2019@mail.ru
www.jasqazaq.kz



Тұлға

**Түрлі-түрлі бала болады. Кейбірі доп ойнайды. Енді біреуі құлжа сақаны алақанында аунатып, ертелі-кеш асық атады. Тағы бірі аяғын айқастыра аспанға секіріп, жұлқынып ләңгі тебеді. Соған қарап олардың қайсысының не нәрсеге көбірек әуес екенін шамалай бересің. Ал біздің кейіпкеріміз үш-төрт жасында-ақ кәдімгі қамшыны қолға алыпты. Доп емес, асық та емес, ләңгі де емес, қамшы. Суретке түссе де, сол қамшысымен түсіпті. Қарайықшы енді сол көне суретке...**



# Қамшы мен Қалам

## (АЛАҚАНДАЙ ЭССЕ НЕМЕСЕ САЯСАТТАН ТЫС СЫРЛАР)

«Е, қамшы ұстаса несі бар, қой бағады да», – дерсіз. Жоқ, бұл бала қой бағатын балаға мүлде ұқсамады. Керісінше, болмыс-бітімі қой бақтыратын балаға көбірек келеді. Қабағы қатулы, жүзі салыңқы, көзі ойлы. Тұрысты қарасайшы. Кеуде шалқақ. Аяқ алшақ. Киімі «хит». Бір қолы бүйірін таянуға бейім. Бойы бір тұтам болса да, үсті-басына қылау жұқтырмайды. Көзқарасына зер салсаң, құдды бір сәбилік сатыдан баяғыда өтіп кеткен парасатты перзент. Қамшысын қолына мығым ұстайды. Сірә, кейін бар жұмысы билікпен өзектес болатынына көрінген шығар...

Кішкене күнімде қамшы ұстаған екенмін деп, кейін төріне қамшы іліп қоятын әдеті болған жоқ, әрине. Бірақ бәрібір қамшы ұғымы оған өмір бойы серік болды. Өзін қамшылады. Өзгелерді қамшылады. Намысты қамшылады. Соның бәрі әсер еткен шығар, кейін өзі де қамшы салдырмайтын болды.

Бала кезінде қолына қамшысын ілсе, есейе келе қалам ұстады. Ал сол қалам оған құт болды. Қалам ақпаратқа жол ашты. Ақпарат аппаратқа жақындатты. Соның арқасында ақпараттың да, аппараттың да мықты майталманына айналды. Тәуелсіз елдің Ақпарат министрі қызметін атқарды. Бас газетті басқарды. Министр болғанда, баяндамасын өзі жазатын басшы болды. Спичрайтердің қажеті болмады оған. Бас басылымды басқарғанда өзі үзбей мақала жазып отыратын қаламы жүйрік бас редактор атанғаны баршаға мәлім.

Абай атамыздың «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық» дегені сияқты, бір қарағанда біздің кейіпкеріміздің де түсі тым суық. Ешкімге сырын алдырмайды. Әбден ашылғанша біразға дейін түсін де, ішін де бермей тұрады. Шынымызды айтсақ, күнде тынбай сөйлесіп, әдемі әзілдесіп жүргенімізбен, соншама салқынқанды қалпын көргенде өзіміз де едәуір абыржыңқырап қаламыз. Ал енді көңіл-күйі көтеріліп, қабағы жазылған соң рахат! Қалжыңы қиып түседі. Жай қалжың емес, қатпарлы қалжың! Астарлы ақиқат! Күлсе, шын күледі. Анекдот айтса, айналшық жегендей, жанынан шықпай қаласың.

Кіммен болса да тіл табысуға тырысады. Бірде не айтса да турасынан тартатын айбарлы ақын Ауытбек Мұқибек Сауытбек ағасына бір базына айтты. Мақаласы қысқарып кетті ме, әлде басқалай себеп болды ма, қазір нақты есте жоқ. Ауыт бауырымыз «Қолында Сауытбектің өткір қайшы...» деп әзілдеп алып, үшбу хат жазған-ды. Талайды көрген Сәукең де тартынып қалған жоқ. Ол да ақын інісіне хат жолдады. Бұл тартымды тартыс ардақты аға мен ізетті інінің берекелі бәтуасымен аяқталды. Сол жолы «Сауытбектің Ауытбекке ноутбукпен жазған хаты» тікен тілді тіркес әдеби айналымға қосылды.

Сауытбек ағамның жақын-жуықтың тойында билегенін көрсеңіз. Үйлесімді қимылдайды. Осы күнгі жұлқынба бидің жеті атасын меңгерген. Бір биді бастаса аяғына дейін билеп шығады. Не нәрсені де орта жолдан үзіп тастау әдетінде жоқ. Бұл жағынан желіккен жастарды жолда қалдырады. Талай жыл шоң кеңсенің шенеунігі болған осындай салмақты адамнан мынадай әдемі де әсерлі би қалай шығады екен деп таң қалы-е-е-еп отырасыз.

Ақындыққа да кәдімгідей таласы болды. Жұрт көктем-сөктем, қыз-пыз, жүрек-пүрек, жапырақ-топырақ туралы жабыла жазса, Сәукең әуелі қалаған тақырыбының саяси мән-маңызын нақтылап алады. Ол бала кезіндегі алғашқы өлеңін пролетариат көшбасшысы Ленинге арнады. Онысы көсемнің жүз жылдығына орай шығарылған аудандық газеттің арнаулы санында жарық көрді. Бірақ одан кейін өлең өлкесіне қадам басқан жоқ. Сірә, тумысынан талғампаз ақын Лениннен кейін басқалай ұсақ-түйек тақырыптың деңгейіне түскісі келмеген болар. Бір-ақ өлеңімен қазақтың қоғамдық-саяси лирикасының отын көсеп, шоғын маздатқан ұстанымы берік ширақ шайырға күн көсемнің рухы риза шығар...

Сауытбек ағам сатиралық әңгіме де жазды. Сол дүниесіне орақ тілді Оспанханның өзі жоғары баға берді. Егер ол осы жолды қуа бергенде бүгінгі әңгімемізді «Қазақ сатирасының сардарлары Ғаббас Қабышұлы, Мыңбай Рәш, Көпен Әмірбек, Сауытбек Абдрахманов...» деп сабақтап-салмақтап отырар ма едік, кім біледі...

Ең алғашқы арманына тастай қатса, баршаға танымал футболшы болып, қақпаның қара құлпы атанар еді. Бүгінде «Қайраттың» қақпасын қас қақпай күзеткен Құралбек Ордабаев екеуін қатар ұлықтап жүрер ек. «Ақынбыз деп қақпай-ақ кеудемізді, Таниды ғой осы жұрт кейде бізді. Футболистер сияқты жанкүйерге, Жыртып-жыртып бермей-ақ жейдемізді» деп Жарасқан ағам жырлағандай, №1 ойыншы Сауытбек Абдрахманов бәрібір өз командасының капитаны болар еді.

Сөйтіп, ол балауса шағында бірнеше салада бағын сынады. Қай салаға олжа салса да, көш бастайтыны анық-ты. Қабілетті адам бір жерден әйтеуір жарып шығатыны белгілі. Жүйріктің аты – жүйрік. Түбінде бір бәйгеден келеді. Солай болды да.

Кейіпкеріміздің қоғамдық-саяси қызметі елдің бәріне таныс. Талайлар шиырлаған жолды қайта таптап қайтеміз. Біз қамшы мен қаламды, қақпа мен өлеңді арқау етіп, саясаттан тыс Сәукең туралы жаздық. Ағымыздан жарылайық, жұрт ұғымындағы сірескен саясаткерден гөрі сол Сәукең өзімізге көбірек ұнайды... «Бозбаласың саяси, көзқарасың саяси» деп тынымсыз термелетпей-ақ,.. жылы ағыспен жылжыған жақсы емес пе, а?! Сіз қалай ойлайсыз?

Сонымен, күні кеше ғана жетпістің желкенін көтерген кейіпкеріміздің бойында жеті өнердің басы тоғысқан. Біле білгенге, соншама өнерді ұстап тұрудың өзі өнер!

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ**

Лебіз

# Сатаевич

Біздің алғаш танысуымыз қызық болып еді-ау, Абеке! 1971 жыл шығар, Әнуар Әлімжанов екеуіне Алматының Гоголь көшесіндегі сирек кітаптар дүкенінде, «Букинисте», кездестім ғой.

– Ғаббас, танысып қой: қазақтың тұңғыш архивариусы Амантай Сатаев осы кісі, – деп Әнекең жымиып, екеуімізге кезек қарады емес пе. Аппақ пішініне көзім тойған. Қол алыстық. Қолың қол-ақ екен!

– Жігітім, екі кило ет алу үшін дүкенде екі сағат сарылып кезекте тұрып жүрген мынау заманда сенің қолыңды алу қойдың санын құшақтата қойғандай екен! – дегенімде сен:

– Өй, айналдым! – деп қарқылдап кеп күлдің. Жарықшақ дауысың дүкенді кернеп кеткен.

«Айналдым» деген сөзді риза болған сәтінде айтатын едің. Отбасымыз болып ойнап-күліп араласқан отыз екі жылда сенің біреуге қышқыл сөз айтқаның, қыңыр мінез танытқаның есімде жоқ. Сабырлы, кішіпейіл, ақжарқын, ғибратты әңгімешіл, кешірімді, кеңпейілді едің. Білімдарлығың ғой. Біз де сені құрметтеп, «айналдымыңа» әрқайсысымыз өзімізше қарымта сөз тапқанбыз. Мен сені бірден «Сатаевич» дегенімде: «Архив орбитасында анау Затаевичтей болсын дегенің ғой, ә?» – деп жайдары күлгенсің.

Сенің күлкің де, іс-қимылың да қалтқысыз, таза, тамаша еді! Қаламгерлік ізденісің, тың ой-тұжырымың қай-қайсысымызды да аса қызықтыратын. Адамзат тарихын, Қазақстанның, қазақтың көнеден бергі тыныс-тіршілігін мұрағат құжаттарымен дәлелдеп сөйлегенінде, біз сүйікті ұстазының дәрісін тыңдап отырған шәкіртше рахаттанатынбыз. Мен сенің жеке мұрағатындағы түпнұсқа, көшірме құжаттың молдығына да еріксіз таңданғанмын.

2000 жылы «Жасым жетпіске толуына жаңа жеті кітабымды шығарамын!» деп әзілдегенің әлі есімде. Бірақ, не шара, көбі қолжазба күйінде қала берді. Аттила бабамыздың өмірін зерттеуің – әрі қажырлылықтың, әрі құштарлықтың шын үлгісі. Әлем тарихында Аттила туралы нендей жазба еңбек бар, соның бәрінің бір-бір данасы сенің қолыңа жеткенін білемін. «Біздің аю» кітаптың астында қалармыз» деп қояды», – дейтін едің әзілдей күліп. Бәйбішең Гүлжанды сырттай «менің аюым» деп отыратынсың. «Жаным, күнім» дейтіндердің көбі Гүлекең екеуіндей тату-тәтті бола алмаған да шығар. Балаларыңды мәпелеп өсіріп, немерелеріннің асты-үстіне түсіп, ер басыңмен ерекше, әйел-анаша елжіреуші едің.

Соңғы шүйіркелесуіміздің бірінде: «Мен сенің алдыңда кетемін десем, «аюым»: «Соңыннан қуып барамын, жалғыз жатқызбаймын» дейді. Мен: «О дүниеде де тыныштық бергің келмейді дедім», – деп әзілдеп едің. Нендей әңгімені болсын әзіл-қалжыңмен аяқтайтынсың. Ол мінезің жарық дүниеге құштарлықтың, тіршілігіне шүкіршіліктің, айналаңдағы үлкен-кішіні алыс-жақын демей сыйлаудың өнегесі екен.

Ай, аяулы «Сатаевичім», бақыл бол! ҒАББАСЫҢ.

*25.08.2003 ж.*

Ұзақ жылдарғы жолдас-сырласым, сегіз жыл іргелес көршім болған Амантай Рахымжанұлы Сатаевты жер бесігіне жатқызып келген күнгі түнде қойын дәптеріме осыны жазыппын... Жасы жетпіске толуын тойлауымызға екі ай ғана қалып еді...

Қаламды серік еткен, қару еткен қырық жыл бойында небары төрт кітабы шығып еді, ал өзі бақиға аттанып кеткеннен бері де алты жинағы жарық көрді. Қазекемнің: «Орнында бар оңалар» дегеніне көзім және бір жетіп, шын пейіліммен шүкіршілік етіп отырмын. Өйткені бұл «бар» мен «жоқтың» біразын көрдім. Әсіресе, КСРО Әдеби қорының Қазақ бөлімшесін басқарған он жылда. Көзі тірі жазушының шығармашылық жұмыспен алаңсыз айналысуына жағдай жасауға міндетті бөлімше дүниеден озғанның қабірі басына құлпытас орнату, өмірінің соңғы кезеңінде тұрған үйі қабырғасына ескерткіш тақта ілдіру, әдеби мұрасын тәптіштеу істерімен шұғылданатын. Бұл үш парыздың қалай өтелері қайтыс болған ақын-жазушының артында кімінің қалғанына байланысты. Әлбетте, бөлімше марқұмның отбасымен келісе қимылдайды. Сондайда қазекемнің «Біреудің жоғын біреу ән айтып жүріп іздейді» дегені рас екеніне еріксіз куә болғаным бар. Ал Амантайдың былтырғы жыл соңында қолыма тиген алтыншы кітабын (*«Бәрі де көңілімде, көз алдымда». Естеліктер, жолжазбалар жинағы, «Қайнар» баспасы*) шолып шығып, қуанышты көңілмен шүкіршілік еткенім – ақиқат. Себебі Амантайдың бәйбішесі Гүлжан, екі қанаты үштен екісі жолсапарда өткен ізденімпаздың, білмекке құмар жанның ауыр да абыройлы еңбегінің нәтижесі.

Қазақтың тұңғыш архивариусының (*латынша: мұрағат қызметкері, шырақшысы деген сөз*) жинақтарындағы деректі әңгімелер: Оттылы (*Аттила*), Абылай хан, Едіге, Бөгенбай батыр, Шоқан, Махамбет, Абай, Сегізсері, Мұстафа Шоқай, Сүйінбай, Сәкен, Ілияс, Қажымұқан, Қаныш, Жүсіпбек, Мұхтар, Әлкей, Сәбит, Жұмат Шанин, Шәкен Айманов, Әнуар Әлімжанов сынды тарихи тұлғаларымыз хақында. «Алаштың асылдары» кітабы – тұтас бір әлем. Сондай-ақ саяхатшы американдар мен поляктар, Арқа палуандары, француз жазушысы Ромен Роллан, орыс ақыны Сергей Есенин туралы мақалалары, «Құрманғазы» киносценарийі – сергек зерттеуші, батыл пайымдаушы екенін дәлелдей түседі. Ара-тұра жазған күнделік беттерінде тұнып жатқан сыр өз алдына...

Әлі есімде, бір күні Амантай телефон шалып, күле сәлемдесіп: «Мағжан Жұмабаевтың самиздат кітабын өзің бермесең де, кеше Әнекеңнен алдым», – деді.

Туған елінің, туған халқының, тарихи тұлғаларымыздың өмір жолдары жайында дерек жинауға асыққан Амантай соларын

– Сәуле мен Жанар оның барша әдеби мұрасын бірі – газет-журнал беттерінен, мұрағатжайынан тауып, бірі – оның бәрін тәртіптеп, компьютер терімінен өткізуге кірісті. Гүлекең қолжазбаларды тақырыптарына қарай іріктеп топтап, баспалармен байланыс жасады. Бұл тұста өздеріне ұсынылған қолжазба жинақтың құндылығына көз жеткізген, кезінде Амантайдың кім екенін танып білген баспагер, рухани іні-қарындастарына (*«Елорда», «Қайнар», «Ел-Шежіре», «Сөздік-Словарь» баспалары*) алдымен, әрине, бағдарламасына енгізіп, жол ашқан Мәдениет және ақпарат министрлігімізге мың да бір алғыс!

...Амантайдың үйіне келушілер көп болатын. Қазақстаннан тыс елдерден де келіп жүретін. Оның бірден-бір себебі: Амантайдың Мәскеудің тарихшы-архивариустер институтында оқығаны және үйде болғанынан сол Мәскеуде, Ленинградта, Ташкентте, Омбыда, қысқасы, Қазақстанға, қазаққа қатысты дерек бар-ау деген мұрағатжайлардың бәрінде дерлік болып, кәсіптес жолдастарын көбейткені. Ол әзілге сайдыра: «Қытайлардың ғана қорасына кіре алмай жүрмін, онда бізге керек мағлұмат аз емес!» – дейтін еді. Амантайдың қолында небір көне кітаптар немесе сондай кітаптардың, қолжазбалардың, фотосуреттердің көшірмелері көп болды. Шетелдік таныс-бейтаныс архивариустар тарту еткен кітаптар қаншама! Солардың бірін алып, әңгіме шерте жөнелгенде, оның танымпаздығына, білімдарлығына қызыға таңданатынмын. Кеше өзі шығарған, бүгінде өзінсіз шыққан жинақтарының қайсысын парақтасаң да, тарихымыз, ғылымымыз, әдебиетіміз бен өнеріміз жайындағы дерек менмұндалайды. Хандарымыз бен батырларымыздың, ақын-жырау, әнші-күйші, ғұлама ата-бабаларымыздың өмірдеректеріне қанығасың және ол деректердің көбі – тың, қайдан алынғаны көрсетілген нақты негізді болады. Олар – студент кезінен бергі уақытының кітап етіп шығаруға уақыт таппады. «Жаңа жинағыңды қашан сыйлайсың?» дегенімде: «Жазуға қажеттіні жинап алу керек, ал жазу, кітап ету ешқайда қашпайды» дейтін. Қызы Сәуле жазғандай, көңіл көтере қыдыруға әуестігі жоқ әкесі бәйбішесі Гүлжанға: «Мен кеткен соң ішің пыса қоймайды, өйткені менің архивіммен айналысасың» деген екен. «Амантайдың архивін ақтарған сайын ешқайда жарияланбаған қолжазбалары табылады, бәрін де оқып, тарих үшін, ертеңгі ұрпақ үшін пайдалы екеніне көз жеткізіп, қайтсем, кітапқа айналдырып үлгерім деп жүрмін», – дейді Гүлекең.

Ал Амантайдың мұрағатында құнды қолжазбалар әлі де барын айтып пікірлескен сайын мақсаты игі, жігерлі бәйбішесіне:

– Гүлеке, құдай саған қуат берсін, балаларыңа ұзақ, бақытты ғұмыр берсін! Иншалла, Амантайдың аруағы сендерге риза! – деймін. Оқырман біздің де риза екенімізде шек жоқ деп ойлаймын.

Абекеңнің Сәулесі мен Жанары әке жолын қуды. Архивариустер. Сәуле – тарих ғылымының кандидаты. Әкесінің орыс тілінде жазған әңгіме, хикаят, жолжазба, пьесаларын «В лебедей не стреляют» деп шығарарда арнайы жолсапармен Мәскеуде, Петербургта болып, сонау жылдары әкесімен бірге оқыған, мұрағаттарда тарихи-әдеби зерттеу жұмыстарын бірге жүргізген адамдарды тауып кездесіп, сұхбат алып келді! Тартымды, тағылымды жолжазбасы жинаққа енгізілді. Тақырыбы – «Путешествие из Алматы в Петербург и Москву». Соны оқығанда қатты тебіреніп: «Орыс жігіті Радищевтің саяхаты екі қаламен шектеліп еді, біздің қызымыз одан асып түсті!» дегенімде Сәуле: «Әке үмітін ақтауымыз керек қой?!» деп жымиды. Бұл жолжазбасының қазақша нұсқасы – «Әкем нағыз қазақ еді» – Амантайдың «Алаштың асылдары» жинағына енгізілген.

Амантай – Ақмола облысының түлегі. Ерейментау ауданының Шәкей ауылында 1933 жылы дүниеге келген-ді.

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**
*(2004 жылғы жазба)*

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru www.jasqazaq.kz

БҮГІНГІ САТИРА

# КҮЛКІ – ВИТАМИН

Көршім мені көрді де, тап бір мен моншадан жаланаш шыққандай, тырқылдап күлгені. Жерге жата қалып, насыбайын ата қалып, сосын тұрып, өзін-өзі ұрып, аузының суы құрып, тіпті қасқырдай ұлып, бетін қасып, шаштарын «шашып», көздерінен жас аққанша, мен арқасынан қаққанша күле берді, күле берді.

Сөйтсем, оның айтуынша, көп күлген адам қартаймайды екен. Елуге келсе, елу жарымнан жылжымайды екен, Әбу Әли ибн Синаның өзі күлкіні жоғары бағалаған дейді. Күніне он бес минөт күлсеңіз, бүйрек, бауыр ауруынан айығасыз дейді. Арықтайсыз дейді. Норвегиялық профессор Карла Рудалияның зерттеулерін иіскесең, күлкі өкпе қабынуын болдырмайды, шынықтырады, жүрек-моторымыздың қан айналымын жақсартады деді.

Мен де үйге тырқылай күліп кіріп едім, әйелім «жындысың ба?» деп қалды. Одан сайын тырқылдап күлдім. «Үйде азық-түлік таусылды, бәрі қымбат!» деп еді, жерге жата қалып, ішек-сілем қата қалып, ой бір рахаттана күлгенім-ай! Содан соң әйеліме «күлкі арықтатады екен, мұны француялық дәрігер Феликс Бремон айтқан, астманы да, бронхитті де жазады» дегенім сол, әйелімнің аузы-басы қисайып қалды. Сөйтсем, күлген сықпыты екен. Ішегін тартып, шиқылдады да қалды. Күлгені құрысын, бетіндегі ауыз, мұрын, көздері ағып кеткендей болды. Содан көшеге шықтым, тырқылдап күліп. Досым кездесіп, бірдеңе сұрады. Жауап берудің орнына тырқылдап күлейін. Ол аңырып қарап тұрды да, менімен қосыла күлді. Күліп қоштасты. Не дейін, жылайын ба?

Содан көшеде тырқылдап күліп келе жатыр едім, біреу басыма баклашкамен қойып қалды. Қарасам, полицей. «Көшеде кеңкелестер ғана күледі! Айыппұл төлетемін!» деді. «Күлкіге статья жоқ» деп тырқылдап күліп едім, ол да шиқылдап күле берді. Көше кезіп, күліп келемін. Бір кезде, күлкімді тия қалдым. Қарасам, әкімқаралар қолтықтасып алып, тырқылдап күлісіп келеді екен. «Күлкі – пандемияға қарсы ем! Жасасын күлкі! Күлуге рұқсат!» деп қояды ұрандатып. Әлден уақытта, сұмдық шуыл естілді. Құлағымды түрсем, бүкіл қала халқы пандемияға қарсы күліп жатыр екен. Ана жерде де күлкі, мына жерде де күлкі. Арсаландап, астанаға келдім... О, тоба, мұнда министрлер күлмейді екен. Оларды қалай күлдірсем екен?. О, халайық, қане, қане, бір мезгілде күлейікші? Ха-ха-ха! Хи-хи-хи! Ө-ө-ө!

**Мұхтар ШЕРІМ,**
*Шымкент қаласы*



ҚАЗЫНА

# Ұмыт болған ұлттық ойын



## Күзем алу

**Халықтың қой бағуға байланысты еңбегін бейнелейтін мерекеге ұласатын ойын-сауық ойындарының бірі — «Күзем алу» болып өткізіледі де, үлкен тойға ұласады.**

«Күзем алып» жатқан ауылдың сыртынан байқастаған адам, ығы-жығы адамдарды көрер еді. Біреуі ән салып, бірі күй шертіп, енді біреулерінің айтысып жатқанын естисің. Жүнді шаңырақтан шығара көтере сабаған жастар, киізді шиге орап қарпығанда, жон асырып бір ауыл мен екінші ауылдың арасында домалатып теуіп жүргенде де, әзіл мен айтыс өлеңдерді, киізді басуға арналған ән-жырларды айтады. «Қой басты, қой басты» деп үлкен үйлердің алдына әкеліп, ырымын алады. Қазіргі «Өрмек биі» осындай халық ойындарынан алынған.

## Көрші ойыны

**Көрші ойынын үлкен бөлмеде, сондай-ақ көгалда өткізуге болады.**

Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Ойыншылар дөңгеленіп, екі-екіден шеңбер құрып отырады. Тағы бір адам ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрайды. Егер сұрақ қойған жұптың біреуі «Көршіммен аразбын» десе, онда сұрақ қоюшы адам оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады.

Орнынан тұрған адам ортаға шығып, басқа бір жұптан ілгерідегідей «Көршіңмен татусың ба?» деп сұрап, ойынды соза береді. Ал егер ойыншы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған серігін жібергісі келмесе, онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды.

Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгімеден, поэмадан үзінді айтып береді. Осылайша көршісін алып қалады. Егер ойыншы бұл тапсырманы орындай алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға кірісіп, ойынды қайтадан бастайды. Ойын әрмен қарай созыла береді.

*Е.Сағындықовтың «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабынан*

ӘЗІЛ ТҰБІ-ЗІЛ

# Көңілдің кілті - күлкіде

*Бір күні үш жігіт Әбу Дабидегі биік ғимараттың 90-шы қабатынан пәтер жалдайды. Азаннан кешке дейін қаланың керемет жерлерін аралаған олар үйлеріне кештеу келіп, жеделсатының жұмыс істемей тұрғанын көреді. Оған еш ашуланбаған үшеуі баспалдақпен жоғары қарай көтерілмекші болады. «Алғашқы 30 қабатта әзіл, одан кейінгі 30 қабатта мұңлы нәрсе, қалған 30 қабатта сергіткіш әңгіме айтамыз» деп келісіп алады. Сөйтіп біраз уақыт көңілдерін бір көтеріп, бір түсіріп келе жатқан кездерінде үшіншісінің есіне кенеттен бір нәрсе сап ете түсіп:*

*— Жігіттер, міне, сендерге тамаша сергіткіш әзіл. Бірінші қабатқа кілт алып келуге қайсысың барасыңдар? — деген екен.*

* * *

*— Балам, өскенде кім болғың келеді?*
*— Аяз ата!*
*— Не үшін?*
*— Оның өмірі өмір емес пе? Бір апта жұмыс істейсің, бір жыл демаласың!*

* * *

*Тіс дәрігері емделушіге күмілжи қарап:*

*— Құдай үшін мені кешіре гөріңіз! Мен байқамай, сіздің сау тісіңізді жұлып алыппын. Енді ауру тісіңізді қайта жұлуға тура келеді, — дейді. Емделуші:*

*— Ааа. Мейлі, әйтеуір, көз дәрігері болмағаныңызға шүкір, — деген екен.*

* * *

*Бір ауылда аруақтардан қорқатын бір қыз болыпты. Аруақ десе, жүрегі тоқтап қала жаздайды. Сол қыз қараңғыда түнгі клубтан келе жатса, алдынан бір жігіт шығады:*

*— Қарындас, сізді үйіңізге дейін жеткізіп салсам, рұқсат па? — дейді.*

*Қыз:*

*— Иә, жақсы болар еді, — дейді қуанып.*

*Жігіт қыздың қорқып келе жатқанын байқап, неше түрлі қызықты әзіл-қалжың айта бастайды. Қыз үйіне жеткен соң:*

*— Рахмет сізге. Сіз менің қорқынышымды сейілттіңіз. Өзіңіз бір қалжыңбас жігіт екенсіз, — дейді риза болып.*

*Жігіт болса:*

*— Ой, ол бер жағы ғой. Мен тірі кезімде әзілді бұдан да жақсы айтқанмын, — деген екен.*

* * *

*Газет оқып отырған күйеуі әйеліне:*

*— Мынаны қара, еркектер бір күнде 2200 сөз айтса, әйелдер 4400 сөз айтады екен, — деп қарқылдап күледі.*



*Сонда әйелі:*

*— Енді қайтсін, еркектер бір айтқаннан түсінбесе, — депті.*

*Дереккөзі: Интернет*

**Бас редактор — директор**
**Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ**

**Редакция алқасы:**

**Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ** жауапты хатшы

**Ғалия ҚАЛИЕВА**
компьютер орталығының жетекшісі

**Тілшілер мен қызметкерлер:**

**Гүлнар АХМЕТОВА** – *экономика, нарық*
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА** – *арнаулы тілші*
**Ернұр КЕНЖЕБАЙ** – *шолушы*
**Кәмшат ТӨЛЕШОВА** – *терімші*
**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ** – *web-сайт*

**Аймақтағы меншікті тілшілер:**

Мерген ТОҚСАНБАЙ–
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР – Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ –
Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**

Меншік иесі:
**«Аманат Медиа» ЖШС**

Директордың орынбасары
**Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ**

Бас есепші
**Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
*(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)*
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2285;
Бағасы келісім бойынша

**Апталық таралым – 5000 дана**

***Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.***

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.